

Педагог

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ, ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

3(87)

2025



Салtpанат
Қуатқызы
АБІЛ'ДИНА

55
жас





Педагог

№3 (87)
(Мамыр-Маусым)
(Май-Июнь)
2025

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан
бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля
2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

А. Әбілқасымова

Идеясы мен ісін қазақ педагогикасы бағалаған ғалым, ұстаз 3

С. Ұзақбаева

Дарынды ғалым – ұлағатты ұстаз 4

Қ. Аганина

Заманымыздың педагогика ғылымындағы жарық жұлдызы..... 7

Қ. Атемова

Қазақтың ғалым қызы..... 8

К. Беркимбаев

Ғалым, ұстаз, қазақтың батыр қызы – Салтанат 10

К. Бузаубакова

Абилядина Салтанат Қуатқызы – жаңашыл ұстаз, креативті ғалым..... 13

К. Булатбаева

Аса құрметті Салтанат Қуатқызы!..... 15

Е. Жұматаева

Салтанат Қуатқызы – қазақ елінің білікті, жаны жайсаң ғалымы..... 16

Ә. Жұмабаева

Ұстаздық пен ғылымды тоғыстырған тұлға 19

К. Ыбыраимжанов

Ғалым, ұстаз – Абилядина Салтанат Қуатовна..... 21

М. Курсабаев

Әбілдина Салтанат Қуатқызы туралы бірер сөз 24

Л. Бутабаева

Құрметті Салтанат Қуатқызы! 26

А. Мағауова

Женщина-ученая, женщина-педагог, женщина-организатор 27

Г. Меңлібекова

Салтанат Қуатқызына құттықтау хат..... 30

М. Мұқашева

Білім мен ғылым жолындағы ізденіс пен еңбектің заманауи үлгісі..... 31

К. Нағымжанова

Аса құрметті, Салтанат Қуатовна! 32

Искренние поздравления с юбилеем 33

Ұстаз. Ғалым. Азамат 35

Ж. Сардарова

Шоқтығы биік ғалым-ұстаз..... 40

Ұ. Қыяқбаева

Ұлағатты ұстаз, гибратты ғалым, парасатты тұлға 42

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:

Гүлжанат ҚҰСТАНОВА



ҚР Мәдениет және ақпарат

министрлігінде

15.02.2010 ж. Астана

қаласында тіркеліп, №10712-Ж

куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды

20.06.2025 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел.: 8 777 303 37 67.

Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<RADO Print>>

баспаханасында басылды.

Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,

көңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:

Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі.

Ә. Дүйсебек — Ұлттық құндылықтар Академиясының вице-президенті.

А. Миразова — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 20.06.2025 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии
<<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



Идеясы мен ісін қазақ педагогикасы бағалаған ғалым, ұстаз



Алма Есімбекқызы ӘБІЛҚАСЫМОВА,
п.ғ.д., ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Ресей
білім академиясының академигі, профессор, Абай атындағы
Қазақ Ұлттық педагогика университеті Педагогикалық білімді
дамыту орталығының директоры, математика, физика және
информатиканы оқыту кафедрасының меңгерушісі.
Алматы қаласы.

Жеке адамның мерейтойы әрқашан күтілетін қуанышты және жағымды оқиға. Күтілетін жағдай — мерейтой иесі бұл күннің міндетті түрде болатынын біледі. Ал қуанышты жағдай — бұл мерейтой ұзақ жылдар бойы атқарған ғылыми қызметінің нәтижесін қорытындылап, жүріп өткен жолды саралай келе, көптеген ғылым жолындағы идеялары, табысты еңбектерімен қатар, жеке өміріндегі жоспарларын да жүзеге асыра алғанын електен өткізеді. Сонымен қатар, мерейтой иесі бұл күні көптеген әріптестерінің, достарының, оқушыларының, студенттерінің және отбасы мүшелерінің жылы құттықтау сөздерін естиді.

Өз басым Салтанат Қуатқызы Абильдинаны қазақ педагогикасының белді мамандарының бірі, еліміздің үздіксіз білім жүйесіне сапалы маман даярлау ісіне және педагогика ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан ұстаз, әдіскер ғалым ретінде танып білемін және осындай сан қырлы ғалыммен біраз жылдар қызметтес болғанымның пайдалы болғанын алға тартамын. Мен мерейтой иесімен алғаш рет Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы ҚР Ұлттық ғылыми кеңе-

сінің «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» басымдылығы бағытының мүшесі ретінде танысып, сәйкес ғылыми жобаларға жасаған сараптамаларына тәнті болып, оның мейірімділігін, эрудициясын, жоғары интеллектуалдық деңгейін атай отыра, басқалардың пікірін тыңдай білу қасиетін атап кетсем артық болмас.

Құрметті Салтанат Қуатқызы! Қадірлі әріптес!

Ұлы Ұлт ұстазы, Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың, қазақ педагогикасының реформаторы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының салып кеткен ізін онтайлы жалғастыруға өміріңіздің кемінде отыз жыл уақытын арнаған және оның 20 жылынан астам еліміздегі ең абыройлы жоғары мектептің бірі — Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасында меңгеруші болған Сіздің еңбегіңізге шалқар шабыт, тартулы табыстар тілеймін!



Дарынды ғалым — ұлағатты ұстаз



Сақыпжамал Асқарқызы ҰЗАҚБАЕВА,
п.ғ.д., профессор, РФ ХПББҒА-ның академигі,
Абылайхан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ
Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі.
Алматы қаласы.

Мерейтой — әр адамның өмірінде болатын тамаша оқиға, өткендегі есеп беретін, жаңа идеялар мен жүйелі ойлардың туындауына себеп болатын ерекше кезең.

Міне, Салтанат Қуатқызы да осы жылдар аралығында соңына қарайлап, есіне түсіріп, мақтан тұтатындай біраз өмірлік тәжірибе жинақтаған. Оның өмірлік тәжірибесінде маңызды жетістіктері мен кіршіксіз адал еңбегі, алдына қойған міндеттерді шешудегі жоғары кәсіби беделі, сарқылмас күш-қуаты, жоғары азаматтық жауапкершілігі, болашақ мұғалімдердің білімі мен тәрбиесі жүйесінің дамуына қосқан елеулі үлесі көрініс алады.

Салтанат Қуатқызы 1989 жылы Жезқазған педагогика училищесін үздік тәмамдап, Қарағанды педагогика институтының педагогика факультетіне «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша оқуға қабылданады. Жетекші ғалымдардан дәріс алады. Өзінің оқуға, білімге деген ынта-ықыласымен, алғырлығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түседі. Факультеттегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, әр түрлі конкурстарға қатысады. Әрбір тапсырманы жауапкершілікпен атқарып, оқу озаты атанады.

«Білім — адамның болашағы» екенін жақсы түсінген Салтанат Қуатқызы өзінің барлық ынта-зейінін білімге аударады, көп ізденіп, көп оқиды. Курстық және дипломдық жұмыстар, рефераттар жазып, баяндамалар жасау арқылы ғылымның қыр-сырын меңгереді.

«Ғылыми жұмыс өмірдің мән-мағынасына айналғанда ғана жемісті болмақ» деген оймен Салтанат Қуатқызы өзінің институт қабырғасында алған білімін 1994 жылы аспирантурада жалғастырады. Аспирантураны мерзімінде аяқтап, Салтанат Қуатқызы оқытушылық қызметіне қайта оралып, кафедрада педагогикалық және жеке-әдістемелік пәндер бойынша: педагогика, педагогикалық менеджмент, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі, тәрбие жұмысының әдістемесі, педагогикалық шеберлік, бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы мен технологиясы бойынша дәріс және практикалық сабақтар жүргізеді.

1999 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің диссертациялық кеңесінде Салтанат Қуатқызы педагогика ғылымдарының докторы, профессор РФ ХПББҒА-ның академигі, Сақыпжамал Асқарқызы Ұзақбаеваның жетекшілігімен «Болашақ мұғалімдерді қазақ халқының ауызекі шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге даярлығын қалыптастыру» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғайды. 2000-2022 жылдар аралығында кафедраның меңгерушісі болып қызмет атқарады.

2010 жылы педагогика ғылымдарының докторы, профессор З.У. Кенесарина мен педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж. Наурызбайдың ғылыми жетекшілігінде «Оқушылардың



этноәдени білімінің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбына докторлық диссертация қорғайды. 2017 жылы ҚР ЖАК шешімімен «педагогика профессоры» ғылыми атағы беріледі.

Салтанат Қуатқызының кандидаттық диссертациясы мен докторлық диссертациясы және соның негізінде жазған монографиялары бүгінгі жас ғалымдардың зерттеулеріне бағыт-бағдар беріп, мектеп мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде септігін тигізіп отыр.

Салтанат Қуатқызының өмір өткелдеріне тереңірек бойласақ, ғылым мен білімді, қоғамдық жұмыс пен қызметті қатар алып жүргенін аңғарамыз. Егер, олардың кейбіріне тоқталатын болсақ, дарынды ұстаз:

- ҚР ҒБМ бұйрығына сәйкес бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі бойынша тест тапсырмаларын әзірлеуші және сарапшы; Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің (АРТА) сарапшысы;

- Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР ҒБМРОӘК «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы оқу-әдістемелік бірлестігінің мүшесі;

- ЖАК ұсынған ғылыми журналдардың («ҚарМУ хабаршысы» Педагогика сериясы, «ҚР ҰҒА хабаршысы»; «Алтынсарин академиясының хабаршысы») редакциялық алқа мүшесі;

- «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша Л. Гумилев атындағы ЕҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің PhD диссертациялық кеңес мүшесі;

- ҚР БҒМ Ұлттық Ғылыми Кеңесінің мүшесі, ҚР БҒМ Ұлттық Ғылыми Кеңесінің төрағасы;

- «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің диссертациялық

кеңес төрағасы қызметін атқарады, оны да үлкен жауапкершілікпен атқарып, көптеген PhD докторанттардың сапалы деңгейде қорғап шығуына бағыт-бағдар береді.

«Шәкіртсіз ұстаз — тұл» деген халық даналығын негізге ала отырып, өзі де жас ғалымдарды докторлық диссертация қорғауға даярлайды. Нәтижесінде осы жылдар аралығында Салтанат Қуатқызының жетекшілігінде 10-ға жуық педагогика ғылымдарының кандидаты мен PhD докторы (Г.К. Бельгибаева, Қ.Б. Аданов, Г.С. Аяпбергенова, Ж.Б. Әбішев, С.А. Кеңесбекова және т.б.) және 30-астам магистрант диссертацияларын қорғады. Бүгінгі таңда беделі биік ұстаздан диссертация қорғаған шәкірттер еліміздің танымал оқу орындарында дәріс беріп жүр.

Салтанат Қуатқызының жылдар бойы жинаған мол тәжірибесі мен өз ісіне деген жауапкершілігі, кәсіби шеберлігі ғылымға жаңадан келген жас ғалымдарға өмірде, ғылымда өзінің орнын таба білуге және Қазақстанның педагогика ғылымын дамытуға үлес қосуына көмектесуде. Шәкірттерінің айтуына қарағанда, Салтанат Қуатқызы күнделікті жұмыс бастылығына қарамастан, өзінің шәкірттеріне әрқашан уақыт таба білген, олардың өзіне деген сенімін арттырып, ғылымға қызығушылығын оятқан, өзінің көзқарасын ешқашан шәкірттеріне орынсыз міндеттемеген, олардың ғылыми көзқарасы мен идеясын қолдап, жүзеге асыруына мүмкіндік берген.

Ғалым-ұстаз ғылыми зерттеу жұмыстарына студенттерді де көптеп баулуда. Оның студенттерінің жұмыс нәтижелері әр түрлі дәрежелі ғылыми жинақтарда және халықаралық конференциялар материалдарында жарияланым көрсе, ғылыми жұмыстарға арналған республикалық конкурстар мен республикалық пәндік олимпиадаларға қатысқан студенттері мен магистранттары жүлделі орындарды иеленуде.



Осы айтылғанның бәрі Салтанат Қуатқызының білімдарлығын, парасаттылығын, кісілік келбетін, тектілік кемелдігін айғақтайды. Салтанат Қуатқызының тектілігі отбасынан алған тәрбиесінен, адамдармен қарым-қатынас мәдениетінен, парасатты ойы мен істеген ісінің ірілігінен, өзінің білімін шәкірттерінің жүрегіне жеткізе білуінен және т.б. байқалады.

Салтанат Қуатқызы шәкірттеріне қоятын биік талапты өзіне де қоюдан жалықпайды: жылма-жыл алыс және жақын шет мемлекеттердің жетекші университеттерінде тағылымдамада болып, білімін көтереді; Халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, бүгінгі білім жүйесіндегі өзекті мәселелерге баяндамалар жасайды; Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы жоғары мектеп оқытушыларына арналған қарқынды ағылшын тілі курсы бітірді.

Салтанат Қуатқызының ғылыми ізденістерінің нәтижесі оның басылым көрген 450-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік сипаттағы еңбектерінде көрініс тапқан. Соның ішінде 8 монография, 2 оқулық, 18 оқу құралы, 2 терминологиялық сөздік, 35-тен астам электронды оқулық бар. Бірқатар мақалалары импакт-факторы бар жоғары рейтингті журналдарда басылым көрді. Хирш индексі — 5 (Scopus), 1 — Web of Science индексі тағы бар.

Салтанат Қуатқызы еңбектерінің санына және бүгінгі толып отырған жасына қарап, еріксіз қайран қаласыз. Тіпті «бұның бәрін қай уақытта жазып үлгерген, әлде демалыссыз күні-түні кітап жазумен айналыса ма?» деген сұрақ туындамай қоймайды. Бұл орынды да.

Әйтсе де, сырт көзге бәрі онай көрінгенімен, мұндай жетістікке кез келген ғалым оңайлықпен жете қоймайды. Бұл — тынымсыз еңбек пен ұйқысыз түндердің, қабілет пен біліктіліктің, шыдамдылық пен төзімділіктің, үздіксіз ізденістің нәтижесі.

Міне, осындай ғылым шыңына жетер жолдағы кезеңдерден өткен Салтанат Қуатқызының қол жеткен жетістіктері бүгінгі жас мамандар үшін еліктеуге тұрарлық өнеге десе болады.

Салтанат Қуатқызының ғылыми-педагогикалық қызметі, ғылымды дамытудағы және ғылыми кадрлар даярлаудағы еңбегі ҚР Білім және Ғылым Министрлігі тарапынан жоғары бағалануда: *КРБЖФМ «ЖОО-үздік оқытушысы — 2008, 2014» мемлекеттік* грантының иегері, Т.Қ. Қамзабаев атындағы сыйлықтың лауреаты, ҚР ғылым мен техниканың дамуына қосқан еңбегі үшін Мемлекеттік ғылыми стипендия иегері, 2020 ж. — ҚР педагогикалық ғылымдар академиясының толық мүшесі (академигі) академиялық атағы берілді. ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы — 2018 ж., ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы — 2019 ж., «Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы. Алтынсарин» белгісі — 2020 ж., «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен (ҚР Президентінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы Жарлығы) марапатталған.

Қорыта айтқанда, Салтанат Қуатқызы педагогика ғылымы мен білімінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан дарынды ғалым, ұлағатты ұстаз.

Мен шәкіртімнің осындай беделі биік жетістікке жеткенін, қаламы ұшталып, ойы толысып, кәсіби білімі шындалып, өзінің ғылыми мектебінің іргетасын қалай бастағанын мақтан тұтамын!

Бергеннен берері, алғаннан алар асулары көп шәкіртімнің айтылмай қалған қырлары баршылық. Мен, тек оның кісілік келбеті мен тұлғалық қасиеттерінің және қол жеткен жетістіктерінің кейбір қырларына ғана тоқталып өттім.

Бүгінгі мерейтойда, шәкіртім Салтанат Қуатқызына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық шабыт, ойда жүрген тың идеяларының жүзеге асырылуына сәттілік тілеймін!



Заманымыздың педагогика ғылымындағы жарық жұлдызы



**Құндыз
Жамиевна
АГАНИНА,
п.ғ.д., Абай
атындағы ҚазҰПУ
Педагогика және
психология
факультетінің
профессоры.
Алматы
қаласы.**

Абильдина Салтанат Қуатовна — педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының профессор-зерттеушісі — заманымыздың педагогика ғылымындағы жарық жұлдызының бірі атағына нағыз лайық жан.

Жан дүниесіндегі адами құндылығының жоғарылығы қаншалықты мол болса, еліміздің педагогика ғылымына сіңірген еңбегі де соншалықты зор.

Педагогика ғылымдары саласына сіңірген еңбегі ұшан теңіз. *Педагогикалық және жеке-әдістемелік пәндер бойынша* дәріс және практикалық сабақтар жүргізеді; *қоғамдық жұмыстарды атқарды*: педагогикалық практикаға, оқу-әдістемелік жұмысқа жауапты куратор. Кафедраның меңгерушісі болып жұмыс істеді, конкурстарға белсенді қатысты, магистрант, докторанттардың диссертациялық зерттеу жұмыстарына және студенттердің дипломдық жұмыстарына жетекшілік етеді.

Бүгінгі таңда Абильдина С.Қ. педа-

гогика ғылымы саласындағы жетекші маман болып табылады. ҚР БҒМ бұйрығына сәйкес ол бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі бойынша тест тапсырмаларын әзірлеуші және сарапшы болып табылады. Ғылыми ізденістер ғылыми және ғылыми-әдістемелік сипаттағы 450-ден астам еңбектерде көрініс тапқан.

Ерекше атап өтетін жайт, Салтанат Қуатовнаның нағыз шоқтығы биік еңбегінің көрінісі — 6D010200, 6D011900, 6D01300 білім беру бағдарламалары бойынша Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің диссертациялық кеңес төрағасы, «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағыты бойынша ұлттық ғылыми кеңестің мүшесі; «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер» ғылыми бағыты бойынша «Елдің зияткерлік әлеуеті» ҰҒК төрағасы, мүшесі ретіндегі атқарған қызметтері еліміздің болашақ педагогтарын даярлаудағы ерен еңбегі болып табылады.

Әрине, бұлай еңбек ететіндер нағыз заманауи білім саласы менеджерлерінің келбетін сипаттайды, сондықтан, оларды заманымыздың педагогика саласындағы жарық жұлдыздары деп есептейміз.

Абильдина Салтанат Қуатовнаның еліміздің педагогика саласының дамуына қосар үлесі зор. Мерейтойларыңыз құтты болсын!



Қазақтың ғалым қызы



Калипа
Тұрсынқызы
АТЕМОВА,
п.ғ.д., Л.Н. Гумилев
атындағы
Еуразия Ұлттық
университеті
Педагогика
кафедрасының
профессоры.
Астана қаласы.

Абильдина Салтанат Қуатқызы — педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасының профессор-зерттеушісі.

Абильдина Салтанат Қуатқызымен алғашқы таныстығым Талдықорған қаласында өткен Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға барған сапарымнан басталды. Сол конференцияда шетел қонақтарымен қатар қазақстандық бірқатар ғалымдар бас қосып, таныстығымыз жақын қарым-қатынасқа ұласты. Содан бері он бес жыл өтіпті. Мінезі жайдары, көпшілікпен тез тіл табыса алатын қабілетімен Салтанат Қуатқызы мені де баурап алған еді.

Уақыт өте келе біз ғылыми-шығармашылық жұмыстар бойынша да ынтымақтастықта еңбек еттік. Бірге ғылыми мақала жазумен қатар, ғылыми кадрлар даярлау жұмысында да бірге еңбек еттік. Атап айтқанда, 2017-2019 жылдары Е.Бөкетов

атындағы ҚарМУ-де 6D010200 — «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» және 6D011900 — «Шетел тілі: екі шет тілі» мамандықтары бойынша құрылған Диссертациялық кеңестің мүшесі ретінде, кейіннен, 2019-2021 жылдары Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ-де 6D010200 — «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» және 6D010300 — «Педагогика және психология» мамандықтары бойынша құрылған Диссертациялық кеңестің мүшесі қатарында ғылыми мамандар даярлау бағытында бірге еңбек еттік.

Диссертациялық кеңес жұмысында мен Салтанат Қуатқызын жақынан танып білдім. Ұзақ жылдар университет жанынан құрылған диссертациялық кеңес жұмысына төрағалық етумен қатар, кафедра меңгеруші ретінде де болашақ мамандар даярлау ісінде белсенділік танытып жүргендігіне көзім жетті.

Салтанат Қуатқызының 2001 жылдан 2022 жылға дейін 21 жыл кафедра меңгерушісі қызметін атқаруы оның басшы ретіндегі болмысы мен көшбасшылық құзіреттілігін айшықтайды. Ұжым қызметін ұйымдастыру мен басшылық жасауда үлкен тәжірибе жинақтаған Салтанат Қуатқызы ғылымның басқа қырларында да сәтті нәтижелерге қол жеткізді. Кафедрадағы білім беру бағдарламаларын әзірлеу арқылы сапалы маман даярлауда да белсенділік көрсетіп,



«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» (бакалавриат және магистратура) мамандығы бойынша МЖМБС әзірлеу бойынша конкурстарға қатысып (2024 ж.) алдыңғы орындардан табылды. Нәтижесінде кафедраның авторлық ұжымы ұсынған МЖМБС жобасы 2005 жылы байқауда жеңіске жеткен.

Салтанат Қуатқызы тек кәсіби қызметінде ғана емес, өзіндік даму жолында да талай асуларды бағындырып, жетістікке жеткен адам. Бүгінгі таңда Абильдина С.Қ. педагогика ғылымы саласындағы жетекші маман болып табылады. Бүгінге дейін Салтанат Қуатқызы Германия, Италия, Франция, Польша, Ресей, Жапония, Түркия, Қазақстанның жоғары оқу орындарында біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, білімін әлемдік деңгейде кеңейтуге мән берген. Кәсіби ізденісінің нәтижесінде Салтанат Қуатқызының ғылыми зерттеулердегі жеткен нәтижелері әлемдегі жоғары рейтингті журналдарда жариялануы арқылы көрініс тапқан. Бүгінгі күні Салтанат Қуатқызы — жалпы саны 450 еңбектің авторы.

Салтанат Қуатқызы кафедрадағы маман даярлауда өзінің біліктілігі мен тәжірибесін жас мамандар мен келер ұрпаққа беруден жалыққан емес. Жүйелі түрде магистрант мен докторанттардың диссертациялық зерттеу жұмыстарына және студенттердің дипломдық жұмыстарына жетекшілік етіп келеді.

2006 жылдың қазан айында оның

жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын ізденуші Г.К. Бельгибаева, 2017 жылы PhD докторлық диссертациясын Қ.Б. Аданов, 2019 жылы — Ж.Б. Әбішев, 2021 жылы — Г.С. Аяпбергенова, 2024 жылы — С.А. Кеңесбекова ғылыми диссертациялық жұмысын сәтті қорғады.

Тынымсыз еңбектенуі нәтижесінде Абильдина Салтанат Қуатқызының жетістіктері ҚРБЖҒМ «ЖОО үздік оқытушысы — 2008» мемлекеттік грантының иегері болумен, ҚРБЖҒМ «ЖОО үздік оқытушысы — 2014» мемлекеттік грантының иегері; ҚР ғылымы мен техникасына қосқан зор үлесі үшін мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері (2015 ж.) болуымен бағаланып, марапатталды.

Қоғамның бүгінгі талабы көпмәдениеттілікті қажетсінетіні белгілі. Өйткені, білім кеңістігі ашық және интеграциялық бірлікте дамуда. Сонымен қатар, әлемдік ғылым мен оқыту технологияларын зерделеу және тәжірибе алмасу мақсатында шет тілін білу бүгінгі маман құзіреттілігінің бір көрінісі. Осы бағытта Абильдина С.Қ. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы Жоғары мектеп оқытушылары үшін қарқынды ағылшын тілі курсынан өтіп, тілдік біліктілігін де жетілдірген. А1 деңгейін табысты бітіргені туралы сертификатқа ие болып, шетел тілдері факультетінің «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша бітірген, ағылшын тілінде пәндерді оқытады: History of pedagogics, Methodology



and methods scientifically pedagogical research.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда студенттік топтар арасында әр түрлі қажеттіліктері бар білімгерлерді кездестіруге болады. Олардың арасында дарындылармен қатар ерекше қажеттілігі бар балалар да кездеседі.

Бұл мәселелерді университет көлемінде ғана емес, мемлекеттік деңгейде зерттей отырып, көпшілікке жаңа мүмкіндіктерді ұсыну мақсатында ғылыми жобалар аясында тың идеяларын да іске асырып келеді. Атап айтқанда, «Инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметке педагог кадрларды даярлау», «Инклюзивті білім беру жағдайында студенттерді волонтерлік қызметке ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу»,

«Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту» гранттық жобалардың жетекшісі болды.

Салтанат Қуатқызы бүгінгі таңда ғалым ретінде ғана емес, ана, әже, жолдас, жар, әріптес ретінде де өз ортасында сыйлы. Бірнеше бағыттағы жауапкершілікті міндетті қатар алып жүру оңай болмаса да, абыроймен атқарып келеді.

Келіп жеткен мерейлі туған күнінде әріптесіміз Салтанат Қуатқызына зор денсаулық, отбасында амандық пен саулық тілей отырып, шығармашылықтарына тың идеялар мен сарқылмас күш-жігер тілейміз. Тағы да мерейлі жасыңыз құтты болсын!



Ғалым. ұстаз. қазақтың батыр қызы — Салтанат



Камалбек Мейрбекұлы БЕРКИМБАЕВ,
п.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті
Кентау институтының директоры,
ҚР БҒМ Білім беру ісінің Құрметті қызметкері,
«ҚР БҒМ Қазақстан Республикасының ғылымын
дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері.
Кентау қаласы.

Әр ұлттың, мемлекеттің өз дамуында айрықша қарқынмен жетілген, бел белес жетістіктерге қа-

рымдап емес, қарыштап ұмтылған кезеңдері болатыны анық екендігін тарих көрсетті. Өткен ғасырдың





төртінші ширегінің соңғы онжылдығында қазақ даласы да сондай қарқынды дамуға бет ала бастады. Ұлттың ренессанасындай болған бұл жылдары еліміз Тәуелсіздік алып, ақ түйенің қарны жарылғандай ұлан-асыр жақсылыққа кенелді.

Мемлекетіміз дамыған елдердің алдында өзін нық ұстап, еркін мәмілелесетін болды. Терезесі тең, керегесі кең, ұлты ұйысқан, халқы қауымдасқан елге айналды. Әлеуметтік, экономикалық ұшқырлық танытқан, аймақтағы көшбасшы атандық, мемлекеттігіміз нығайды.

Биыл Салтанат Қуатқызын – мерейлі туған күні екендігін ескеріп, ұлағатты ұстазды туған күнімен шын жүректен құттықтап, оның ғылым, білім саласына еткен қажырлы еңбегін жоғары бағалап, шығармашылылық еңбегіне табыс, деніне саулық, шаңырағына шаттық тілеп, өскелең ұрпақ пен шығармашыл жастарға ұстаздарының ғылыми-педагогикалық жолын оқуды ұсына отырып, Салтанат Қуатқызы сияқты өз қызметіне берілген, адал да тиянақты жұмыс жасайтын ғалым-педагог болуына шақырамын.

Мен 30 жылдан бері Салтанатпен әріптес ретінде біраз тәжірибе жинадым. Салтанатпен алғашқы кездесуім, танысуым академик, п.ғ.д., профессор Сақыпжамал Асқарқызы Ұзақбаеваның ғылыми мектебінде бастау алды (1994-1995 жж.). Тың идеялар мен жаңа бастамалардың куәсі болдым. Заманауи үлгі-

де саналы ұрпаққа білімнің қайнар көзін ашуда, халықпен тығыз байланыс орнату мақсатында түрлі ғылыми жобалар жүргізілді. Осының барлығында ұлағатты ұстаз, қазақтың батыр қызы Салтанат Қуатқызы жүрді.

Қазақтың парасатты, батыр қызы Салтанат Қуатқызы өзінің өнегелі өмірінде екі мәселеге қатты көңіл бөлді. Ол – біріншіден, қазақ бастауыш мектебінің тағдыры, екіншіден, ұлттық тәрбие және ана тілінің тағдыры. Мемлекетіміздің халықаралық беделінің өсу алғышарттарының бірі – мемлекеттік тілінің қай салада да салтанат құруын қатты қадағалаған ұлтшыл ұстаз қайда еңбек етсе де, Қазақ мектебінің абыройын алға қойды.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Салтанат Қуатқызы Дүниежүзілік, Халықаралық конференцияларға қатысып, ғалым-педагог Жапония, Сингапур, Англия, Ресей, Түркия, Қытай, Германия, АҚШ және т.б. дамыған мемлекеттердің төрінде ғылыми-әдістемелік мәселелер бойынша баяндама жасап, ғылыми-теориялық, әдістемелік конференцияларда модератор қызметін атқарып, әлемдік тәжірибелермен танысып, пікір алмастырған қазақтың батыр қызы педагог-ғалым, ұстаз.

Қоғамдық өмірдің сан-саналы белесінен өткен Салтанат Қуатқызы ұстаздардың ұстазы, академик, п.ғ.д., профессор Сақыпжамал Асқарқызының ғылыми мектебінен



нәр алып, тәрбиеленген парасатты ғалым.

Салтанат Қуатқызы — ғылымды ерекше сүйеді. «Ұстазы мықтының — ұстамы мықты» дейді асыл аталарымыз. Осы ұлағатты сөз Салтанат Қуатқызына дөп айтылғандай.

Ғылым жолында бірегей жетістікке жете жүріп, ұстаздардың ұстазынан (С.А. Ұзақбаевадан) тәлім тәрбие алған, парасатты ғалым, педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан, қазақ халқының педагогика ғылымы саласында көптеген шәкіртті ғалым етіп даярлап, ел игілігіне, яғни білім-ғылым саласында өзіңіздің ғылыми мектебіңізді қалыптастырдыңыз. Сол арқылы қазақ зиялылары арасында әйгілі қазақтың батыр қызы, ғалым-педагог, еңбекқор ұстаз ретінде соңыңыздан ерген ғылым жолындағы ізбасарларыңызға керемет үлгі, өнеге боларлықтай танымал тұлғаға айналдыңыз.

Салтанат Қуатқызы Абильдина-ның бойындағы еңбекқорлық, ғылымға деген құштарлық, шәкірттерге деген қамқорлық, ізденімпаз жастарды ғылымға баулу қасиетіңіз бізге өнеге және тұлғалық қасиет. «Ізгі іс етсең — текті тірлік сүргенің» деген халық даналығы. Табиғат дарытқан дарыныңыз бен білім жолындағы табандылығыңыздың арқасында: ұлағатты ұстаз, халық қалаулысы, «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» грантының 2 мәрте иегері, ұлттың танымал тұлғасына айналды.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Салтанат Қуатқызы — сыпайы мінезімен, асықпай,

мәнерлеп сөйлеген сөзімен, қарапайымдылығымен кез келген жан-ның жүрегіне жол таба білген асыл да аяулы ұлағатты ұстаз, әріптес. Ол ұзақ жылдар бойы еліміздің білім беру жүйесінде, соның ішінде басшылық қызметтерде, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті КЕАҚ «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасында ұзақ уақыт меңгеруші қызметін атқарды. Сонымен қатар, оқытушылық, ұстаздық, тәлімгерлік қызметтерін атқара жүріп, әрбір шәкірт жүрегіне аналық қамқорлық пен жылылық дәнін себе білді.

Иә, ұстаз — ұлағатты есім. Салтанат Қуатқызы Абильдинаның адамгершілік қасиеттері туралы тоқтамай айта беруге болады. Менің баяндағаным кішкене үзік сыр ғана...

Ширек ғасырдан астам Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті КЕАҚ аталатын білім ордасында қажырлы еңбек етіп, көсіби біліктілігіңіз бен іскерлігіңізді орайлы ұштастырып жүрген Сіз бүгінде өз ісінің хас шебері, ұлағатты ұстаз, көпшіліктің ықылас-құрметіне бөленіп отырған аяулы жансыз. Жаныңыздың мөлдір тазалығы, көңіліңіздің адалдығы, қарапайым, ашық мінезіңіз сияқты асыл да адами қасиеттердің бәрін Сіздің тұла бойыңыздан табуға болады. Биылғы мерейтой жылы Сізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, білім мен ғылым жолында шығармашылық табыс тілей отырып, шын көңілден шыққан ізгі ниет пен ақ тілектерімізді қабыл алыңыз дегіміз келеді!



Өзіңіздей ұлағатты ұстаздың тыңғылықты еңбекпен үлкен белестерді меңгеріп, сапалы нәтижемен мерейлі жасқа келіп отырғаны біз үшін үлкен қуаныш, жоғары мәртебе.

Оқу-ағарту жүйесінің білгір де тәжірибелі маманы, профессор, ұлағатты ұстаз өзіңізге сеніп тапсырылған жауапкершілігі мол маңызды ғылыми-әдістемелік қызметте еңбегіңіз жанып, абырой биігінен көріне беруіңізге тілектеспін!

Қорытындылай келе, ұлағатты ұстазға әлі де алда талай асуларды, биік белестерді бағындырар өнегелі ғұмыр, мықты денсаулық тілеймін!

Білім және ғылым саласын дамытудағы жаңа бастамаларыңыз бен ойға алған барлық мақсаттарыңыз орындала берсін! Жас ұрпақ тәрбиелеу жолындағы игі істеріңізге сәттілік, жеке басыңызға шығармашылық табыс тілеймін! Елге қызмет ете беріңіз!



Абиядина Салтанат Қуатқызы — жаңашыл ұстаз, креативті ғалым



Клара Жайдарбекқызы БУЗАУБАКОВА,
п.ғ.д., профессор, М.Х. Дулати атындағы
Тараз университетінің «Педагогика»
кафедрасының меңгерушісі,
Халықаралық ақпараттандыру
Академиясының академигі.
Тараз қаласы.

Ұстаз — біздің тәуелсіздік мемлекетіміздің болашағын қалап жатқан маман. Өйткені, ел болашағының кілті — бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Жас ұрпақтың тағдыры олардың бойына білім мен ізгілік нұрын себуші — ұстаздардың қолында.

Ұстаз — жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің өмірі мен болашағын тапсыратын сенімді өкілі, айналасына білім нұрын, шапағатын шашатын ұлы тұлға.

Көрнекті педагог В.А. Сухомлинс-

кийдің сөзімен айтсақ, жер жыртушы, тұқым себуші, астық басушы егіс даласында өсірілген бидай масағымен және бір уыс дәнге бірнеше айдан кейін қуанып мәз болады, мұғалім өз жасампаздығының жемісін көру үшін жылдар бойы еңбек ету керек болады.

Қазақстан ғылымының дамуына өз үлесін қосып келе жатқан, бүгінде өз ғылыми мектебін қалыптастырып үлгерген ғалымдардың бірегейі — педагогика ғылымдарының док-



торы, профессор **Абильдина Салтанат Қуатқызы**.

Жаңашыл ұстаз, креативті ғалым Салтанат Қуатқызын мен 2009 жылдан бері білем. Ол осы бір «ұстаз», «ғалым» деген сөздерді өз болмысымен, қажырлы еңбегімен бүкіл өміріне ту етті.

Салтанат Қуатқызы өз тәжірибесінде оқытудың инновациялық әдістерін белсенді қолданады, ұдайы кәсіби өсуге ұмтылады, үнемі біліктілігін арттыру үшін жұмыс жасайтын шығармашыл ғалым.

Абильдина Салтанат Қуатқызы TEMPUS – IV бағдарламасы бойынша «Педагогика және білім беру менеджменті (EDUCA) саласындағы реформаға әкелетін Болон процесінің қағидаттарына сәйкес Еуропалық білім беру» Халықаралық жобаларын іске асыру үшін жұмыс тобының құрамына, «TEMPUS-V» бағдарламасы бойынша «Орталық Азиядағы жоғары білім кеңістігіне қарай: құрылымдарды бейімдеу және сапа мәдениетін дамыту (TuCANEA) құрамына кірді, бірнеше ғылыми жобалардың жетекшісі болды.

Абильдина Салтанат Қуатқызы – Республикаға танымал креативті ғалым, өзінің терең білімімен, үлкен адамгершілік қасиеттерімен танылып жүрген бірегей тұлға.

Бүгінде менің әріптесім жас ұрпақтың рухани сәулеткері ретінде айналасындағы шәкірттеріне білім нұрын, ғылым шапағатын шашып жүр, мерейлі 55 жасқа келіп отыр.

Аса қадірменді Салтанат Қуатқызы!

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 55 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Өмір жолыңыздың асқар биігі – елу бес жасқа келіп отырған Сізді, педагогикалық қауымдастық бүкіл ғұмырын Қазақстан болашағына арнаған беделді ғалым, зиялы тұлға ретінде таниды.

Сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін аяулы ұстаз, креативті ғалым ретінде жақсы білеміз. Өзіңіз еңбегіңізді арнаған білім мен ғылым саласын дамытуға сіңірген ерен еңбегіңіз, педагогика саласына тың жаңалықтарды енгізуде озық ойлайтын кемел қабілетіңіз жас ғалымдарға өнеге.

Сіздің ұзақ жылғы ғылыми еңбектеріңіз бен атқарған оқытушылық мәртебелі қызметте жоғары белсенділік танытып, ғалымдардың арасында үлкен беделге ие болып отырсыз.

Сіз бар күш-жігеріңізді, мол тәжірибеңізді егеменді еліміз – Қазақстанды көркейтетін мамандар даярлауға аямай жұмсап келесіз.

Біліміңіз бен алғырлығыңыздың және ұйымдастырушылық қабілетіңіздің арқасында әріптестеріңіздің арасында құрмет пен сыйға бөленіп жүрсіз. Қазақстан Республикасында білікті педагог мамандарды даярлауға, тәуелсіз еліміздің жас ғалымдарын тәрбиелеуде сүбелі үлес қосып келесіз.

Осындай абзал істерге аянбай еңбек етіп жүрген Сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға береке-бірлік, баянды бақыт, еңбекте толағай табыстар тілеймін!



Аса құрметті Салтанат Қуатқызы!



**Күлжанат
Нұрымжанқызы
БУЛАТБАЕВА,**
педагогика
ғылымдарының
докторы,
Ы. Алтынсарин
атындағы Ұлттық білім
академиясының бас
ғылыми қызметкері.
Астана қаласы.

Адамды шығармашылық, ұстаздық еңбек көркейтеді, жетілдіреді, ұштайды. Ата-бабаларымыз айтып кеткен нақыл сөздері Сізге тікелей қатысты.

Өз бойыңызға қазақ аруларына тән барлық құндылықтарды сіңіріп, оны күн шуағындай жастарға шашыратып жүрсіз. Қашан кездестірсем де, көтеріңкі көңілмен, қазақи дарқандылықпен, әдемі мінезіңізбен өзіңізге адамдарды тартып тұрасыз. Әсіресе Сіздің тіліңізде ана тіліміз өте әдемі, көркем болып шығады.

Сізбен Ғылыми Ұлттық кеңесте әріптестігіміз басталып, қазіргі кезде педагогика ғылымына кадрларды даярлауда жалғасын табуда.

Ғылыми қызығушылығыңыз білім саласының барлық деңгейлерінің мазмұнын, әдістемелік жүйесін, олардың сапасын жетілдіруге арналған. Тәрбиеге қатысты зерттеулеріңіздің нәтижелері білім жүйесіне, әсіресе соның ішінде бастауыш мектепте, қолдануға ұсынылған таптырмас әдістемелік қоржын бо-

лып саналады. Идеяларыңыз волонтерлық қозғалыс ретінде де дамуда.

Ұлттық ғылыми кеңесті басқаруға бірауыздан бүкіл Кеңес мүшелерінің қолдауымен тағайындалып, абыроймен міндеттерді атқара білдіңіз. Ғалым ретінде академиялық адалдық ұстанымдарға сүйеніп, ғылыми жобаларға объективті баға беріп жүрсіз. Сонымен қатар, халықаралық және отандық ғылыми жобаларға ат салысып, ғылым жүйесінде өзіңіздің тың идеяларыңызды жариялап, педагог қауымдастықта бөлісудесіз. Оның айғағы – Хирш көрсеткіштері.

Еңбегіңіз жанып, ғылыми ізденістеріңіздің және оқыту процесіндегі нәтижелеріңіз үкіметтің, ведомстволық министрліктің марапаттарымен еленіп жүр. Екі мәрте «ЖОО үздік оқытушысы» марапатына ие болдыңыз. Көптеген білім жүйесіндегі және ғылымдағы үлесіңіз үшін басқа да жетістіктеріңіз аз емес.

Салтанат Қуатқызы! Ғылыми-педагогикалық еңбегіңіздің осы бір мерейлі кезеңінде Сізге деген құрметімді, ризашылығымды білдіріп, өзіңізге мол шығармашылық табыстар тілеймін. Әлі де алатын Ғылым шындары Сізді шақыруда! Әр жетістік пен жеңісіңіз одан әрі Сізге шабыт беріп, көптеген биік асуларды абыроймен бағындыруға тілектеспін! Сізбен бір ғылыми-шығармашылық кеңістікте болуға ниетімді білдіремін!



Салтанат Қуатқызы — қазақ елінің білікті, жаны жайсаң ғалымы



**Еңілік
Өсербаевна
ЖҰМАТАЕВА,
п.ғ.д., профессор,
«Торайғыров
университет»
КеАҚ,
Павлодар
қаласы.**

Бүгінде тәуелсіз Қазақстан дәуірінде «Қасында жүр жақсылар» деген болашақ қамын ойлауға тірек болар жан қуатына, дауа ұғымға мән бермеушілік белең алуда. Заман түзелгеннен бері осы Заман ғалымдарын ұлықтау әдебі күннен-күнге орындалмай келеді. Мұның өзі кейінгі ұрпаққа алдыңғы ғасырларға еңбек сіңірген ғұламаларды айта беруіміздің таптаурын (стереотип) болуына әкелері сөзсіз.

Кешегі зұлмат заманда соғыстың бетін әрі бұруға себеп болған Жезқазған жерінен бүгінгі күннің ғылымын жас бүлдіршіндерге арнаған, өзінің ұлттық құндылығын педагогика ғылымының ауқымындағы тәрбиенің адамгершілік нысанына бағамдаған Абильдина Салтанат Қуатқызы 1970 жылдың мамырында дүние есігін ашқан. 1989 жылы Жезқазған педагогика училищесін үздік бітіріп, КарПИ-дың педагогика факультетіне

«Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 1993 жылы үздік тәмамдады. Салтанаттың осы жолынан аңғарғанымыз: алдымен өзінің оқыған педагогикалық училищесін және оған деген сүйіспеншілігін байқау қиын емес. 1993 жылдан бастап КарПИ-де Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасында жұмыс істей бастады. Байқап отырғанымыздай, баяғы кәсіби азбукасын сабақтастыру қағидасымен жалғаструы, өзісіне тұрақтылық тұрғыда қарауын аңғартады.

Білім мен ғылымды қатарынан қамти отырып, оның үзіліссіз ілгерлеу траекториясын алға жылжыту мақсатында КарПИ-нің сырттай бөлімінің аспирантурасына оқуға түседі және 1999 жылы бітіргеннен кейін Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін 14.50.01 диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық кеңесте «Болашақ мұғалімдердің қазақ ауызша халық шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге дайындығын қалыптастыру» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. Кеңестік



бұғадан жаңа шыққан қоғамда осындай ұлттық мүддеге қатысты тақырыпты қазақша алып қорғау ерліктің ерлігі дегенді білдіреді.

Ол заманда мұндай проблеманың көкейкестілігін дәлелдеу қиынның қиыны екеніне менің 28 жыл Павлодар облыстық оқу басқармасында қызмет атқарған тұстағы көрген азабым куә. 2010 жылы білім мен ғылымды тұтас алып, екеуін де алға жылжытудан қажымаған Салтанат Қуатқызы 2010 жылы 14.50.01 педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау бойынша «Оқушылардың этномәдени білімінің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғады. Оған білім беру саласындағы бақылау комитетінің шешімімен 2017 жылдың 6 қаңтарындағы бұйрыққа сәйкес педагогика профессоры ғылыми атағы берілді (№ 5 бұйрық).

Бүгінгі саяси бағытымызда «Адал адам», «Әділетті қоғам» құру мәселесінің алғашқы іргетасын қалаған ғалым — Салтанат Қуатқызы. Адамгершілік мәдениетін жас бүлдіршіндердің бойына дарыту бүгінгі адами капитал болуының маныздылығын айқындауы, оның өзі адам баласының жеке болмысының сапалық деңгейіне әсер етуі, тұрақтылық тұғырының берік болуы және когнитивті қарым-қатынаста унификациялық іс-әрекет жасауына бірден-бір мүмкіндік бе-

ретінін байқаймыз. Адамгершілік мәдениетінің ең жоғары иерархиясы басқалармен қарым-қатынас үдерісін өзара сыйластыққа құруына және эмпатия мен әлеуметтік жауапкершілікке бағам жасап, этикалық және табысты қоғам құруға бағыт беретініне көз жеткізеді. Әуелгі ақ паракқа жазу жазғандай бастауышта оқитын сәбилік кезеңнен шықпаған балалардың білім мазмұнын меңгерулеріне өнімді әдіс-тәсілдерді игерту де бүгінгі күн шешетін өткір мәселе деп түсінеміз.

Кафедрада педагогикалық және жеке-әдістемелік пәндер нысанында: педагогика, педагогикалық менеджмент, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі, педагогикалық шеберлік, бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы мен технологиясы бағытында дәріс және тәжірибелік жұмыстар жүргізіп, менгерілген біліми-ғылыми нысандардың іс-әрекетте нәтижеге қызмет етуінің сапасында жас сөспірімдердің прагматикалық іскерліктерін түзуіне Салтанат Қуатқызының кәсіби шеберлігі күннен күнге тірек көзіне айналып отырғаны баршаға аян.

Пиаже ойлау қабілетін абстрактылы ойлау және мектеп мұғаліміне, оқушыларға білім және өзіне жақын адамдармен қарым-қатынасқа тепе-теңдік қалпын сақтауға бейімдеу айтып отырған қызметтің доминанттық мәні екені түсінікті.

Салтанат Қуатқызының қызметін ғылыми тұрғыда үдерістік қал-



пына бағам жасасақ, Пиаженің үдерістің бірінші сатысы — аккомодация, екінші сатысы — ассимиляция деп жіктегеніне сәйкес келеді. Аккомодация ғылыми тұрғыда сатылау деңгейді кіші элементтерді ірілету жән оны тұтастыру сияқты үдерістерден өтуін аңғардық. Ассимиляция — сол сатыларда кездесетін соқпақсыз жолдар, кедергілер. Ғалымның ғылыми еңбегінің зерттеушілілік зертханасына айналуының өзі осы ассимиляциядан өтуі екені анықталды. Бұл екі үдерістің өте сирек жүзеге асырылуына Пиаже екпін жасаған. Ғылыми белсенділіктің ұтымды болуы қоршаған ортаны дұрыс жолға өзгертуіне ықпал ететін, түйісе бермейтін бірнеше проблеманың шешілуін таба білгені — бізге үлгі-өнеге. Белсенділіктің қозғалмалы болуының өзі оқушының, жасөспірімнің танымдық қызметтерінің координациясын таптаурын қызметке жетуіне қозғаушы күш. Осы жерде Салтанат Қуатқызы таптаурын болған нысаналардың басын біріктіріп, ойлау өнерінің психомоторлық белсенділігін схема сияқты жүзеге асыруына бағам жасаған, ғылыми-зерттеу іскерлігін ұштай алған.

Салтанат Қуатқызының келесі ерекшелегі — сенсомоторлық интеллектісінің ғылыми еңбек жазудағы айрықша көзге түсер тұсы. Бүлдіршіндердің дүниетанымдық деңгейін 2 жас шамасында рефлекстік белсенділігінің дене қуатының межесімен ықпал жасаудан бірте-бірте координациялап және

өзінің еңбегін ұйымдастра алу жағдайын жасау әдістері де бүгінгі күнгі тәрбие тәңірінің бала өзінің даму барысында әлемді түсінетіндей кейбір құбылыстарға мән беретініне зерттеушінің көңіл аударуы құптарлық. Нысандардың әрбір өзгерістеріне құлақ асып, олардың өзіне тәуелді еместігін аңғаруына және олардың барлығына бала көңіл бөліп, екінші сатыға көтеріледі. Бұл саты баланың дамуын білімділігі мен түсінігі ғана емес, еске сақтау қызметін іске қоса алу әрекетін өркендетуіне ғалымның жазған еңбектері көмек беретінін аңғардық. Түсінік баланың жеке тәжірибесіне қатысты құрылатынына, болашақта жеңілдетуіне мүмкіндік беретіні де Салтанат Қуатқызының ғылыми еңбектерінде түсінікті тілмен жазылған. Сабакқа құмарлықты, қызығушылықты арттырып отыру мәселесі де нұсқалы мысалдармен бекітіліп ұсынылған.

2 жастан 7-ге дейінгі балалардың білім игеру үдрісінде лексикалық қолдану аясының маңызы да жан-жақты зерделенген. Әр баланың қабілеті әр түрлі болғандықтан, олардың сөйлеу мәдениетінде эгоорталық сипаты сыртқы әрекетке бейімделіп дамиды. Бұл орайда, зерттеуші перцептивті және апперцептивті қабылдауларына қатысты жұмыс түрлерін құрғаны өнімді іс-әрекетке жетектеуі демекпіз.

Салтанат Қуатқызын мерейлі мерекесінде мерейі үстем, мәртебесі биік болсын демекпіз.



Ұстаздық пен ғылымды тоғыстырған тұлға



Әзия
Елеупанқызы
ЖҰМАБАЕВА,
п.ғ.д., профессор,
Абай атындағы
Қазақ Ұлттық
педагогика
университеті
Бастауыш білім
беру кафедрасының
менгерушісі.
Алматы қаласы.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының профессор-зерттеушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абильдина Салтанат Қуатқызының өмірі сырттай қарағанда таңғажайыптан тұратындай көрінеді. Иә, дәл солай. 1970 жылы 1 мамырда дүниеге келген Салтанат Қуатқызы ата-ананың мейіріміне қанып, кішкентай кезінен мұғалім мамандығын қалап өсті. 1989 жылы Жезқазған педагогика училищесін үздік аяқтап, сол жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің педагогика факультетіне түседі. «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша жоғары білім алып, оны 1993 жылы үздік дипломмен тәмамдайды. Осылайша болашақ ғалым мен ұстаздың іргетасы қаланды.

Осы жылы-ақ өзінің кәсіби қызметін ҚарПИ-де педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасында оқытушы болып бастайды.

1994 жылы сырттай аспирантураға түсіп, 1999 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды. Ғылыми жұмысының тақырыбы — «Болашақ мұғалімдердің қазақ ауызша халық шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге дайындығын қалыптастыру». Бұл зерттеу сол кезеңде ұлттық құндылықтар мен рухани тәрбие мәселесіне бет бұра бастаған педагогикалық ғылым үшін өзекті әрі тың бағыт болатын.

Атақ десе атағы, абырой десе абыройы бар. Нені көздеп, нені мақсат тұтса, сол нәрсеге жетпей, алмай қоймайды. Кез келген жеңіс жауапкершілігі мен табандылығының, еңбекқорлығының арқасында келгені сөзсіз. Соның бір жарқын мысалы, Салтанат Қуатқызы ғылым жолында үнемі ізденіс үстінде жүріп, білім мен зерттеу арасындағы байланысты нығайтты. 2010 жылы докторлық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының докторы дәрежесін иеленді. «Оқушылардың этномәдени білімінің қалыптасуы мен дамуы» зерттеу жұмысы этнопедагогика мен ұлттық тәрбие мәселелерін заманауи контексте қайта қарауға мүмкіндік берді.

2017 жылы ҚР БҒМ шешімімен профессор ғылыми атағы берілді. Бүгінде ол Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» кафедрасында профессор-зерттеуші ретінде қызмет атқарады.



Салтанат Қуатқызы тек оқытушы ғана емес, білікті ұйымдастырушы, кафедра менеджері ретінде де өзін көрсете білді. 2001–2022 жылдар аралығында кафедра меңгерушісі болып, оқу-әдістемелік жұмыстарды үйлестірді, педагогикалық практиканы ұйымдастыру, білім беру стандарттарын жетілдіру бағытында белсенді еңбек етті.

Оның жетекшілігімен көптеген студенттер республикалық пәндік олимпиадалар мен ғылыми байқауларда жүлделі орындарға ие болды. Ғалым студенттер мен магистранттарға ғылыми жетекшілік жасап, оларды зерттеу жұмысына тартуға ерекше мән береді.

Сонымен қатар, шетелдік докторанттарға ғылыми жетекшілік жасап, халықаралық байланыстарды дамытып келеді. Бакудегі мемлекеттік университеттің докторантына жетекшілік етуі — соның жарқын дәлелі.

Оның 400-ден астам ғылыми мақалалары мен әдістемелік еңбектері Англия, АҚШ, Франция, Қытай, Жапония, Ресей сынды елдердің ғылыми журналдарында жарық көріп келеді. TEMPUS бағдарламалары аясында еуропалық білім беру жүйесінің үздік тәжірибелерін зерделеп, отандық жоғары білім саласына бейімдеуге ат салысқан.

Білім беру жүйесінің сапасы мен өркендеуі — кәсіби білікті, жаңашыл ойлайтын, адами және рухани құндылықтарды дәріптей білетін ұстаздардың қажырлы еңбегі мен тығыз байланысты. Абильдина Салтанат Қуатқызы — осындай өз ісіне шын берілген, ғылым мен білім саласына сүбелі үлес қосып келе жатқан көр-

некті тұлғалардың бірі.

Салтанат Қуатқызы бір қатар ғылыми журналдардың редакциялық алқасына мүше, бірнеше диссертациялық кеңестердің мүшесімен төрайымы болды. ҚР БҒМ жанындағы оқу-әдістемелік комиссиялардың, ұлттық ғылыми кеңестердің құрамында қызмет атқарады. Оның сараптамалық біліктілігі — оқулықтар мен оқу құралдарын бағалау, білім беру бағдарламаларын сараптау ісінде кеңінен қолданылады.

Жоғары кәсіби еңбегі үшін бірнеше мәрте марапаттарға ие болды: — ҚР БҒМ «ЖОО үздік оқытушысы — 2008» және «2014» мемлекеттік гранттарының иегері;

— ҚР ғылымы мен техникасына қосқан үлесі үшін мемлекеттік ғылыми стипендия иегері (2015 ж.);

— Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің ТОП-50 үздік ЖОО оқытушысы тізіміне енген (2016 ж.).

Салтанат Қуатқызы — өзінің білімге, ғылымға деген адалдығымен, кәсіби шеберлігімен және адами қасиеттерімен үлгі боларлық тұлға. Ол әрдайым заманауи талаптарға сай жаңашылдыққа ұмтылады, инновациялық оқыту әдістерін оқу процесіне ендіреді. Сонымен қатар ағылшын тілінде де сабақ беріп, халықаралық бағдарламаларға белсене қатысады.

Бүгінде профессор Абильдина — ғылыми ортаның беделді мүшесі ғана емес, сондай-ақ жас буынға тәлім-тәрбие беріп жүрген ұстаз, жетекші, ментор. Оның ғылыми-зерттеу бағыты мен тәлімгерлік қызметі отандық білім беру жүйесінің сапасын арттыруға үлкен үлес қосып отыр.



Ғалым, ұстаз – Абильдина Салтанат Қуатовна



К.Т. БЫБЫРАИМЖАНОВ,
п.ғ.д., І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры.
Талдықорған қаласы.

Салтанат Қуатовна 1970 жылы дүниеге келіп, 1986-1989 жылы Жезқазған педагогика училищесінде білім алып, 1989-1993 жылдары Карағанды педагогика институтының педагогика факультетіне «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығында оқып, үздік аяқтады.

1994 жылы 13.00.01 «Жалпы педагогика» мамандығы бойынша ҚарПИ-дің аспирантурасына түсіп және 1999 жылы бітіргеннен кейін педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін 14.50.01 бағытында «Болашақ мұғалімдердің қазақ ауызша халық шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге дайындығын қалыптастыру» тақырыбында диссертация қорғады. Ал, 2010 жылы осы 14.50.01 бағытында педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Оқушылардың этномәдени білімінің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында докторлық диссертацияны қорғады. Педагогика ғылымы саласындағы еңбектеріне байланысты білім беру саласындағы бақылау комитетінің шешімімен 2017

жылы «педагогика ғылымдарының профессоры» ғылыми атағы берілді.

Ғалым-ұстаздың ғылым жолына келуі мен оның ғылыми ортада шыңдалуы және өмірлік тәжірибеде кәсіби өсуіне бүгінде 32 жылдық уақыт болды.

Қоғамның, халықтың өмір тарихының тәжірибесінде туған елінің өсуі мен дамып, өркендеуіне және оған болашақ ұрпақты даярлау барысындағы адал қызмет жасап, өнегелік өмір үлгілерін көрсеткен перзенттерін әрдайым құрметтеп, дәріптеп отырған халықпыз. Еліміз ондай ұл-қыздарына «болмысы ерекше», «жан сүйсінер жан екен», «халыққа жасаған еңбегі өнегелі іс», «екінің бірі жасай алмайтын істі тындырған нағыз азамат – батыр, шоқтығы биік тұлға» – деп түрлі теңеулер мен мақтаулар айтып, абыройын асқақтады. Міне, бүгінде осындай мақтаулар мен мақтаулардың иесі, абыройлы ғалым, ұстаз қарындасымыз – Абильдина Салтанат Қуатовна.

Біріншіден, болашақ мұғалімдердің қазақ ауызша халық шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушы-



ларын адамгершілікке тәрбиелеуге дайындығына қойылатын талаптық деңгейінде толық шешу үшін ЖОО-ның педагогикалық үдерісін ұйымдастыру барысында профессор Абильдина С.Қ. ұсынып және педагогикалық тәжірибеге енгізген пәндер мамандар дайындаудағы көптеген күделі мәселелердің түйінін шешуге және заманауи тұрғыдан қойылып жүрген педагогикалық технологияларды зерттеп, кәсіби іс-әрекетке бейімдеу мен олардың құзыреттіліктерін дамытудың негізі деп айтуға болады. Мәселен, бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге болашақ мұғалімдердің қазақ ауызша халық шығармашылығы арқылы дайындығының негізін қалыптастыру арқылы ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге, ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік алады. Болашақ мұғалімдердің өз бетінше жасаған шығармашылық ой әрекеттері, зеректік, теориялық және тәжірибелік салыстырмалы талдау, тапқырлық, т.б. логикалық ойлауды қажет ететін мысалдар құрастыру, кәсіби маманның ойлау қабілетін арттырып, түрлі тәрбиені меңгерудің өзегі болып табылатындығын айтады.

Екіншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімі мамандарын өзі жүргізетін пәндердің ғылыми негіздерінің қазіргі жай-күйін жетік біліп, үнемі қадағалап отыруы мен оны заман талабына сай дамытуға, пәндерден білім беруде оқытудың жаңашылдық сипатта болуына педагогикалық технологияларды шығармашылықпен қолдануға және осы бағытта ізденістерді үнемі дамыту жайындағы мәселелерді қозғайтын еңбектер жиынты-

ғы бар. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімі мамандығын меңгеретін студенттерді кәсіби ерекшелікке бағыттатып оқылатын пәндерді оқытудың әдістемесін жетік меңгеру қажеттілігі жайында ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарастырған еңбектер болып табылады.

Үшіншіден, қазақ халқының бала бойына ана сүтімен сіңіретін тәлім-тәрбиелік өзіндік мектебі бар. Ол арқылы халық ұл-қызын жаман әдет-қылықтан тыйып, ең жақсы нышандарға үндеген. Ауызекі үлгі-өнеге ретінде ертегі, мысал, әңгімелермен де, шешендік сөздерімен де, түрлі дәстүрлік әдет-ғұрыптарымен де, ұлағатты ырым-тыйымдарымен де баланы алғырлыққа, әдептілік пен көрегенділікке баулып, жаман істер мен әдеттерден тыйып, жалқаулық, жалақорлықтан безіндіре, еңбекқорлыққа, адалдыққа, өнерлілікке, талапкерлікке үйретіп отырған. «Үлкеннің алдын кеспе, сөзін жерге тастама, сонда үлкеннің батасын аласың», «Батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді», «Пақыр-мүскінге, жетім-жесірге мейірлі бол, сауабы тиеді», «Нанды теппе — киесі ұрады» деген даналық сөздер баланың ұғымын кеңейтіп, өмірге, айналаға ойлана қарауға үйрететіні анық. Баланың тәлім-тәрбиесіне ерекше мән берген халқымыз «Баланы — жастан» деген мәтелді тектен-текке айтпаған.

Қазақ халқының арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындары, мектеп, балабақшасы болмаса да өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқы-



лы тәрбиелеп отырғандығын ғылыми білімдік және тәрбиелік мұралар ретінде қарастырып, оларға заманауи ғылыми-әдістемелік тұрғыдан келу керектігін басшылыққа алған арнайы зерттеушілік еңбектер арналған.

Төртіншіден, қазақ баласының тәрбиесіне отбасының ықпалы үлкен екендігіне мән берген ғылыми зерттеулері бар. Бала тәрбиесінде отбасы олардың өмірлеріндегі өзек ретінде болып табылатын рухани құнарлы азық беретін әлеуметтік ортадағы үлкен мәнге ие институт ретінде қарастырады. Мәселен, тәрбие басы алдымен әдептілікке баулудан басталып, әке-анадан баласына «әдепті бол» дегенді басты міндет етіп қойып, баланы қайырымды, мейірімді, әдепті болуға тәрбиелеу мәселесін ғалым, ұстаз ұлттық тәлім-тәрбие негізін беретін халықтық педагогика бағытында жүзеге асыруды басшылыққа алып отыру қажеттілігін айтқан. Себебі, қазіргі өзгермелі заманда ұлттың ұлт ретінде сақталуы отбасында берілетін тәрбиенің дәстүрлер бойы қалыпташып, тәлімдік мұралар ретінде мәнге ие болған озық үлгілері арқылы жүзеге асырылуы керек екендігін негіздейді.

Бесіншіден, профессор Абильдина Салтанат Қуатовна болашақ мамандарды дайындаудағы дидактикалық заңдылықты үнемі басшылыққа алып отыратын білгір және тәжірибелі педагог ретінде өз орнымен ерекшеленді. Мәселен, бастауыш білім беру сатысында оқылатын пәндер жүйесіндегі оқу материалдарының меңгерілуі, мамандық студентінің машықтануының деңгейін анықтау мен осы

бағыттағы біліми танымдық мүмкіндіктерін бағалауға бағытталған пәндер бойынша әдістемелік нұсқаулық, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік кешендерін жазды.

Профессор Абильдина Салтанат Қуатовна өзінің көп жылдық ғылыми-педагогикалық жұмысында болашақ мамандарды дайындау барысындағы білім мен тәрбие беру мәселелеріне ерекше мән беріп келеді. Солардың ішіндегі, мәселен, біріншіден, болашақ мұғалімдерді дайындауға байланысты халықтық педагогика, педагогика тарихы, тәрбиенің теориясы мен әдістемесі, қазақ тілін оқыту мен әдістемесі, шағын жинақтық мектептерде педагогикалық үдерістер ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері бағытындағы оқытудың теориясы мен тәжірибелік негізіндегі әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың мазмұнына бағытталған қазіргі заманғы өзекті мәселелерді қарастыратындығы.

Алтыншыдан, заман талабына сай болашақ бастауыш сынып мұғалім мамандарын даярлау және олардың осы бағыттағы кәсіби білімдерінің сұраныстық талаптарды орындай алуына үйлесімді болу мүмкіндігін жоғарылатуға арналған бағдарламалар мен арнайы курстарды жасап енгізуі. Мамандық бағытында білім алатын студенттердің болашақта игеретін кәсіптік қызметтерінің қыр-сырын жете меңгеруіне мүмкіндік беретін теориялық білімдер мен жинақталған тәжірибелер қоры негізінде үйрету мәселелерін қарастыруы. Сонымен бірге, ғалым-ұстаз болашақ бастауыш сынып мұғалім мамандығы бойынша



кәсіби қызметке бейімдейтін және осы бағыттағы білім жиынтығын беретін пәндерді сабақтастықта оқыту мен меңгертуді дидактикалық заңдылықтар тұрғысынан түсіндіріп, негіздейді. Болашақ мамандардың іскерлігін жетілдіріп, кәсіби ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамытуды басшылыққа алуды олардың кәсіби біліктілігі жоғарылауына негіз болатындығын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздейді

Бүгінгі күнде профессор Абильдина Салтанат Қуатовна педагогика

ғылымы саласында зерттеу жұмыстарымен айналысып, еңбектер жазумен қатар дипломдық, магистрлік және (PhD) философия докторларын даярлауға жетекшілік, кеңесшілік жасап, шәкірттерді дайындау мен қорғату бағыттағы диссертациялық кеңестерде төрайым, диссертациялық кеңестің мүшесі жұмыстарын атқарып келеді.

Мемлекетімізде болашақ мұғалім мамандарын дайындауға СІЗДІҢ қосар үлесіңіз көп. 55 жастық мерейтойыңыз құтты болсын — ғалым-ұстаз, құрметті әріптес!!!



Әбілдина Салтанат Қуатқызы туралы бірер сөз



Мұхамедрахим Қыдырбайұлы КУРСАБАЕВ,
п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогика
кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
«Атамекен» ұлттық тәлім-тәрбие бағдарламасының авторы.
Алматы қаласы.

Салтанат Қуатқызы мені шын жүрегінен, кіршіксіз пейілімен һәм тау суындай мөлдір сезімімен «Рақым ағай» деп айтқаны — маған ерекше энергия беретінін жоғары бағалаймын. Міне, қанша жылдар өтіп, бүгінде ғылыми атақ пен абыройдың шыңына жетсе де, Салтанат қарындасымның сол баяғы, қазақ қыздарының бойынан табылатын

байсалдылығы мен кемеңгерлігіне қайран қалып келемін.

Салтанат Қуатқызы еліміздегі қазақ этнопедагогикасы ғылымының дамуына сонау жас кезінен бастап, 1990 жылдардың ортасында белсене ат салысқан ең алғашқы жас ғалымдар қауымдастығының құрылуына себепкер болды. Осы орайда, Салтанаттың тағдырына мол ықпал





еткен, аса көрнекті ғалым Ұзақбаева Сақыпжамал Асқарқызы негізін салған «Қазақ этнопедагогикасы ғылымы» мектебінің орны мен рөлін ерекше айтқан жөн. Аталмыш ғылыми мектептің белсенді мүшелерінің бірі болған бала Салтанат, бүгінде дана Салтанатқа айналғаны шындық.

2004 жылы көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Жұмағали Наурызбаймен кездесу мақсатында қазақ этнопедагогикасы мәселелері бойынша Алматыдан Қарағанды қаласына Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіндегі ғылыми кеңес жиынына қатысуға мүмкіндік туды. Сол университет базасында Салтанат Қуатқызы басқаратын бастауыш білім беру кафедрасының жетістіктерін және Бөкетов университетінің халықаралық масштабта атқарған жұмыстарымен жақын танысып, өте маңызды мағлұматтар алған едім. Салтанат болса, сол жылдары Қазақстандағы іргелі мемлекеттік бағдарламалардың бірегейі «Қазақстан Республикасындағы Этно мәдени білім беру тұжырымдамасы» бағдарламасының негізін қалаушы Жұмағали Наурызбаймен бірлесе отырып, жас ұрпақ санасына қазақтың мәдени мұралары мен ұлттық құндылықтарын білім мекемелеріндегі оқу-тәрбие жұмыстары арқылы сіңіру барысында ауқымды жобалардың жаршысы болып жүрді.

Уақыт бір орнында тұрмайтыны

белгілі. Бүгінде қазақ этнопедагогикасы ғылымының марқасқалары Құбығыл Жарықбаев, Серғазы Қалиев, Клара Қожахметова, Жұмағали Наурызбай, Әдібай Табылдиев, Райфа Қыдырбайқызы, Әбілсағит Садуақасов сынды ғұламалардың еңбектерін шашау шығармай, сол табиғи күйінде жаңа заман ұрпақтарына жеткізу — баршамыздың парызымыз. Сол себепті, Салтанат Қуатқызы заманы — этнопедагогика ғылымының жаңа эрасымен тұспа-тұс келіп тұрғаны ақиқат.

Салтанат Әбілдина 2010 жылы докторлық диссертация қорғаған жыл — Қазақстандағы педагогика ғылымының тарихындағы аса күрделі өтпелі кезең болды. Өзінің 40 жасында докторлық диссертация қорғаған Салтанат, біріншіден этнопедагогика ғылымын жаңа философиямен толықтырған жас ғалым болса, екіншіден қос ғасыр арасындағы қоғамдық формациядағы өтпелі кезеңнің тарихи жаршысы һәм кемеңгері бола білді.

Қазақ этнопедагогикасы ғылымының қазіргі жағдайы аса қарқынды және тез өзгермелі жаһандық цифрлық-ақпараттық трансформация кезеңімен сәйкес келіп отыр. Сол себепті осындай, жауапты әрі жылдам шешім қабылдайтын қилы заманда, ата-бабалар аманаты мен ғұламалар ғибратын сақтау мен дәріптеуде, ендіру мен әртараптандыру ісінде орасан үлес қосады деген Салтанат Қуатқызы қарындасыма деген сенімім мол.



Құрметті Салтанат Қуатқызы!



**Л.А. БУТАБАЕВА,
PhD,
қауымдастырылған
профессор
ҚР Оқу-ағарту
министрлігі
Инклюзивті және
арнайы білім беру
департаментінің
директоры.
Астана қаласы.**

Сізді өміріңіздегі ерекше белес — 55 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз — Қазақстандағы ғылымға және болашақ педагогтарды даярлауға өміріңізді арнап, педагогика ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым, тәжірибелі ұстазсыз.

1993 жылдан бері туған университетіңіз — Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасында үздіксіз еңбек етіп, білім мен ғылымды ұштастыра отырып, талай буын жас педагогтің қалыптасуына ықпал еттіңіз. Кандидаттық және докторлық диссертацияларыңызда ұлттық құндылықтар, адамгершілік тәрбие мен этномәдени білім беру мәселелерін терең зерттеп, ғылым мен тәжірибеге мәнді жаңалықтар әкелдіңіз. Сізге педагогика профессоры ғылыми атағы берілуі — бұл қажырлы еңбегіңіздің заңды нәтижесі.

Көп жылдар бойы кафедра меңгерушісі ретінде үлкен ұйымдастырушылық қызмет атқарып, ғылыми, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыс-

тарының жоғары деңгейде жүргізілуіне жетекшілік жасадыңыз. Сіздің бастамаларыңызбен көптеген жаңа курстар енгізіліп, әдістемелік бағыттағы жұмыстар жандандырылды. Салтанат Қуатқызы, Сіз оқыту үдерісіне заманауи әдістер мен технологияларды енгізіп, білім сапасын арттыруға аянбай еңбек етіп келесіз. Сіздің ғылыми еңбектеріңіздің ауқымы мен мазмұны да ерекше құрметке лайық, мұның бәрі — Сіздің педагогика ғылымына қосқан сүбелі үлесіңіздің айғағы.

Сіз еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруге арналған көптеген ғылыми, әдістемелік жобаларға қатысып, сарапшы ретінде де белсенді жұмыс атқарып келесіз. Түрлі халықаралық курстардан өтіп, өз біліміңізді үздіксіз жетілдіріп отыруыңыз — жастарға үлгі боларлық көрегендік пен жауапкершіліктің көрінісі.

Салтанат Қуатқызы, Сіздің кісілік келбетіңіз, ғылым мен білімге деген адалдығыңыз, қарапайымдылығыңыз бен талапшылдығыңыз, ұрпақ тәрбиесіне деген шынайы жанашырлығыңыз — барша әріптестер мен шәкірттердің шексіз құрметі мен алғысына бөленуіңізге себеп болып отыр.

Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, жаңа ғылыми табыстар мен шығармашылық шабыт тілейміз! Мерейтойыңыз құтты болсын! Еңбегіңіз жана берсін, ел ықыласына бөленіп, шәкірттеріңіздің шексіз алғысына кенеле беріңіз!



Женщина-ученая, женщина-педагог, женщина-организатор



Акмарал Сабитоллаевна МАГАУОВА,
д. п.н., академик Международной
Академии наук педобразования,
Почетный работник образования РК,
Лауреат Национальной премии достижений
женщин Казахстана «Ажар», профессор кафедры
педагогики и образовательного менеджмента
КазНУ им. аль-Фараби.
г. Алматы.

Абильдиной Салтанат Куатовны — доктора педагогических наук, профессора-исследователя кафедры «Педагогики и методики начального обучения» Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова.

Весь жизненный путь Салтанат Куатовной связан с системой педагогического образования, с деятельностью в высшей школе Казахстана.

С отличием закончив Жезказганское педагогическое училище, затем педагогический факультет Карагандинского педагогического института по специальности «Педагогика и методика начального обучения», она начинает свою трудовую деятельность на кафедре педагогики и методики начального обучения своего родного института, где продолжает трудиться по сегодняшний день.

С 1993 года начинается восхождение Салтанат Куатовны по на-

учному пути: успешно защищает кандидатскую диссертацию в диссертационном совете в КарГУ им. Е.А. Букетова на тему «Формирование готовности будущих учителей к нравственному воспитанию младших школьников средствами казахского устного народного творчества» (1999), затем докторскую диссертацию на тему «Становление и развитие этнокультурного образования школьников» (2010).

С 2001 года по 2022 года будучи заведующей кафедрой «Педагогика и методики начального обучения» она внесла значимый вклад в модернизации системы подготовки педагогических кадров нового поколения для школ Казахстана, являлась автором разработки ГОСО по специальности «Педагогика и методика начального обучения», работником и экспертом тестовых заданий по методике преподавания казахского языка в начальной шко-



ле, теории и методике воспитательной работы.

Активно занимается научно-исследовательской деятельностью, основные результаты которой нашли отражение в опубликованных 450 работах, в том числе 8 монографии, 2 учебника, 18 учебных пособий, 1 терминологический словарь, более 35 электронных учебников, публикации в высокорейтинговых журналах с Импакт-фактором, а также в публикациях в различных республиканских и зарубежных научных журналах ближнего и дальнего зарубежья.

Высокий научный потенциал, компетентность в области исследований актуальных проблем системы образования и науки позволяют Абильдиной С.К. стать научным руководителем Грантовых проектов МНиВО РК «Подготовка педагогических кадров к профессиональной

деятельности в условиях инклюзивного образования», «Научно-методическое сопровождение студентов к волонтерской деятельности в условиях инклюзивного образования», «Развитие функциональной грамотности младших школьников в условиях цифровизации образования».

За высокие показатели в педагогической деятельности, проявление педагогического мастерства и высокого уровня профессионализма С.К. Абильдина заслуженно дважды стала обладателем государственного гранта МОиН РК «Лучший преподаватель ВУЗа» и государственной научной стипендии за выдающийся вклад в науку и технику РК.

Хотелось бы отметить разные грани плодотворной научно-исследовательской деятельности юбилярши. Сегодня она состоялась как



Научная стажировка преподавателей вузов Казахстана в Цукуба университете (Япония)



Научная стажировка преподавателей вузов Казахстана в Германии (г. Дюссельдорф)

Ученый — педагог, Ученый — исследователь, Педагог — воспитатель, Национальный эксперт, Эксперт международного уровня.

Нас связывает многолетнее сотрудничество в рамках Диссертационного Совета PhD — образования по специальностям: 6D010200, 6D010300 КарГУ им. Е.А. Букетова, председателем которого она являлась в течении многих лет. Хотелось бы отметить, что все заседания совета проводились четко, на высоком организационном уровне, при соблюдении высокой культуры и этики защиты диссертационных работ. При любых критических ситуациях она умела сохранять спокойствие, выдержанность, умение владеть собой, и в тоже время принципиальность.

Надолго заполнилась наша совместная поездка, прохождение зарубежных стажировок в Цукуба Университете (Япония), в Международном образовательном Центре (г. Дюссельдорф, Германия).

Особо я хотела бы отметить тот факт, что занимаясь исследованием проблем этнопедагогики, традиций казахского народа, она сама стала примером проявления многих качеств многогранной, творческой личности.

Салтанат очень духовно богатая личность, которая не только чтит народные традиции, а сама является примером олицетворения образа женщины-матери, женщины-педагога, женщины-ученой, которой присущи все качества современной казахской женщины: мудрость, доброты, трудолюбие, способность проявлять уважительное отношение к старшим, внимание и заботу о всех, кто в этом нуждается.

Дорогая Салтанат Куатовна, поздравляю вас с юбилеем! От всей души желаю крепкого здоровья, семейного благополучия и любви, неиссякаемой энергии, новых творческих идей и побед, огромного женского счастья!



Салтанат Қуатқызына құттықтау хат



Г.Ж. МЕҢЛІБЕКОВА,
п.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің профессоры,
Педагогикалық білім беру
халықаралық ғылым академиясының академигі.
Астана қаласы.

Сізді айтулы оқиға — 55 жасқа толуыңызбен құттықтаймын! Көп жылдарыңызды Сіз республиканың жоғары білім беру жүйесінде еңбек етуге арнадыңыз, кафедра оқытушысынан жоғары оқу орнының кафедра меңгерушісіне, диссертациялық кеңестің төрағасына дейінгі жолдан өттіңіз. Танымал ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, бірнеше ғылыми жобалардың жетекшісі ретінде Қазақстанда педагогика саласының дамуына, ғылыми мектепті қалыптастыруға, жаңа буын мамандар даярлауға, заманауи білім алушыларды тәрбиелеуге Сіз қосқан үлес ауқымды.

Қазақстандағы білім беру ұйымдарында оқушылардың этномәдени білімінің теориялық жүйесін, білім беруді цифрландыру жағдайында бастауышынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың іргелі және қолданбалы аспектілерін зерттеуде, инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметке педагог кадрларды даярлауды және студенттерді волонтерлік қызметке ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуді инновациялық парадигма контекстінде негіздеуде жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткіздіңіз.

Сіз еліміздің білім беру, ғылым,

мәдениет саласындағы әлемдік бас-тамаларына белсене қатысып келесіз. Сіздің ұйымдастырушылық және кәсіби іскерлік қабілетіңіз TEMPUS — IV бағдарламасы бойынша «Педагогика және білім беру менеджменті (EDUCA) саласындағы реформаға әкелетін Болон процесінің қағидаттарына сәйкес Еуропалық білім беру», «TEMPUS-V» бағдарламасы бойынша «Орталық Азиядағы жоғары білім кеңістігіне қарай: құрылымдарды бейімдеу және сапа мәдениетін дамыту» (TuCANEA) халықаралық ғылыми жобаларын сапалы деңгейде іске асыруда айқын көрінді.

Қазіргі кезде ұлтымыздың зияткерлік мәртебесі мен парасатты болашағы үшін атқарып жатқан аса жауапты қызметіңіз отандық ғылымның әлемдік деңгейін, оның ғылыми және қолданбалы әлеуеті мен жасампаздық ресурстарын арттыруға, адами капиталды тұрақты дамытуға бағытталып отыр.

Бүгінгі мерейтойыңыз үстінде, құрметті Салтанат Қуатқызы, Сізге тың табыстар, отбасылық бақыт, ғылыми шығармашылық, зор денсаулық тілеймін!



Білім мен ғылым жолындағы ізденіс пен еңбектің заманауи үлгісі



**Манаргүл
Өмірзаққызы
МҰҚАШЕВА,
Ы. Алтынсарин
атындағы Ұлттық
білім академиясы
профессоры.
Астана қаласы.**

Абильдина Салтанат Қуатқызы талантты ұстаз, дарынды ғалым ретінде Қазақстанның білім беру саласын және отандық педагогика ғылымын дамытуға зор үлесін қосты. 1993 жылы Қарағанды педагогикалық институтының Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасында қатардағы қарапайым оқытушыдан басталған ғылыми-педагогикалық қызметінің нәтижелерін педагогика ғылымдарының докторы, педагогика профессоры, отандық ғылымның «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағыты бойынша Ұлттық ғылыми кеңестің мүшесі, Қазақстан Республикасы ғылымы мен техникасына қосқан зор үлесі үшін мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері, екі мәрте «ЖОО үздік оқытушысы» сияқты үлкен жетістіктерімен дәлелдей алды.

Ғалымның жоғары оқу орынындағы ұстаздық қызметі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуы тәуелсіз Қазақстанның отан-

дық білім мен ғылымды дамытуды басым бағыт ретінде қарастырған кезеңмен сәйкес келді.

Салтанат Қуатқызының Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасын жиырма жылға жуық басқара отырып, еліміздегі осы бағыт бойынша диссертациялық кеңестердің, ғылыми және ғылыми-әдістемелік басылымдардың жұмыстарын дамытуға, бастауышта оқыту, білім берудегі инклюзия және цифрландыру мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыруда, аталған мамандықтың мемлекеттік стандарттары мен жаңа үлгідегі білім бағдарламаларын даярлаудағы үлкен еңбегін кәсіби маман ретінде жоғары бағалаймын.

Өз мамандығы мен қызметіне адал Ғалым-Ұстаздың ұзақ жылғы қызметі мен ізденістерінің нәтижелері болып табылатын 450-ден аса еңбектері, ЖОО даярлаған мыңдаған бастауыш сынып мұғалімдері, магистранттар мен PhD мамандары еліміздің білім саласы мен ғылымын дамытуға елеулі үлес қосып жүргені де белгілі.

Құрметті Салтанат Қуатқызы! Педагогикалық білім мен ғылымды дамытудағы көп жылдық қажырлы еңбегіңіз үшін алғыс айта отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!




Аса құрметті, Салтанат Қуатовна!



Каракат Мукашовна НАГЫМЖАНОВА,
п.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Евразия
ұлттық университетінің психология
кафедрасының профессоры.
Астана қаласы.

Сізді мерейтойыңызбен құттықтаймын! Осы айтулы күні мен сіздің ғылымдағы зор жетістіктеріңізді ғана емес, сонымен қатар білім берудегі шексіз үлестеріңізді және көптеген ұрпаққа үлгі-өнеге беруіңізді атап өткім келеді. Шығармашылығыңыз бен ғылыми әлемдегі белсенділігіңіз көпшілікті шабыттандырады. Сіз көрнекті ғалым ғана емес, идеяларыңыз бен зерттеулеріңіз болашақ ұрпаққа жаңа көкжиектер ашатын нағыз жаңашылсыз. Сіздің білімге деген құштарлығыңыз және оны әріптестеріңізбен және жас ғалымдармен бөлісу қабілетіңіз сізді бірегей тұлға етеді. Қолданбалы ғылыми жетістіктерге және жаңа мүмкіндіктердің ашылуына ықпал ететін ынтымақтастық пен шабыт атмосферасын жасайсыз. Бұл мерейтой сіздің өміріңіздегі қызықты жаңалықтарға, шығармашылық идеяларға және ұмытылмас сәттерге толы жаңа кезеңнің бастамасы болсын. Зор денсаулық, бақыт және ғылыми жұмыстарыңызға табыс тілеймін! Ғылымға жаңа білімге деген құштарлығыңыз, табандылығыңыз және өз ісіңізге берілгендігіңіз шынымен танданарлық. Сіз тамаша ғалым ғана емес, сонымен қатар біліммен бөлісіп, айналаңыздағыларға қолдау көрсететін дана тәлімгерсіз.

Әрбір жаңа күн сізге жаңалықтардың қуанышын, жұмыстан қанағаттануды және жақындарыңызбен қарым-қатынастың жылуын әкелсін. Сізге денсаулық, бақыт және жаңа ғылыми жетістіктер тілеймін!





Искренние поздравления с юбилеем

В эти солнечные майские дни наша коллега, **Абильдина Салтанат Куатовна**, профессор-исследователь кафедры педагогики и методики начального обучения Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, доктор педагогических наук, профессор, отмечает свой очередной юбилей!

Юбилей — это всегда определенный рубеж в жизни каждого человека и в этот день хочется говорить о больших достижениях **Салтанат Куатовны!**

В 1993 году после окончания Карагандинского педагогического института приступила к работе преподавателем кафедры педагогики и методики начального обучения.

В 1999 году Абильдина С.К. с успехом защитила кандидатскую диссертацию на тему «Формирование готовности будущих учителей к нравственному воспитанию младших школьников средствами казахского устного народного творчества», а в 2010 году — докторскую диссертацию на тему «Становление и развитие этнокультурного образования школьников».

С 2001 года по 2022 года работала в качестве заведующей кафедрой педагогики и методики начального обучения и внесла огромный вклад в развитие кафедры и педагогического факультета в целом.

В 2017 году под ее руковод-

ством был открыт Диссертационный Совет 6D010200 — Педагогика и методика начального обучения, 6D010300 — Педагогика и психология, где докторанты нашей страны имеют возможность успешно защитить свои научные исследования. Под ее непосредственным руководством успешно защитились соискатель Бельгибаева Г.К. и докторанты Аданов К.Б., Абишев Ж.Б., Аяпбергенова Г.С., Кенесбекова С.А.

Одним из наиболее значительных достижений Абильдиной С.К. является научное руководство несколькими грантовыми проектами: «Подготовка педагогических кадров к профессиональной деятельности в условиях инклюзивного образования» AP05134666 (2018-2022гг.); «Научно-методическое сопровождение студентов к волонтерской деятельности в условиях инклюзивного образования» AR08856309 (2020-2022гг.); «Развитие функциональной грамотности младших школьников в условиях цифровизации образования» AP14870290. (2022-2024гг.).


Формирование характера Салтанат Куатовны проходило под влиянием ее родителей. Отец — Абильдин Куат и мама — Мухатаева Кабира с детства смогли привить дочери трудолюбие и честность, страсть к знаниям и упорство в достижении поставленной цели. Отец долгое время работал директором совхоза, был



умелым и авторитетным руководителем и сумел сформировать у своих детей уважение к каждому члену трудового коллектива.

Салтанат Куатовна грамотный руководитель, умеющая зажечь идеей, повести за собой, показать важность и необходимость выпол-

нения той или иной работы! Она пользуется заслуженным авторитетом и взаимной любовью студентов, коллег, учебно-вспомогательного и технического персонала. Салтанат Куатовна, поздравляем с юбилеем!



Преподаватели кафедры педагогики и методики начального обучения



Ұстаз. Ғалым. Азамат

Еліміздің педагог мамандар даярлау ісіне және жоғары мектептің дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Салтанат Әбілдина 1970 жылы 1 мамырда Жаңаарқа ауданының Ақтау ауылдық округінде жарық дүние есігін ашты. 1989 жылы Жезқазған педагогика училищесін үздік бітіріп, Қарағанды педагогика институтының педагогика факультетіне «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша түсіп, білім сапарын жалғастырды.

Жоғары оқу орнын 1993 жылы үздік тәмамдаған Салтанат Қуатқызы Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі кафедрасында қалдырылып, еңбек жолын бастады. Келесі жылы 13.00.01 «Жалпы педагогика» мамандығы бойынша ҚарПИ аспирантурасының сырттай бөліміне түсті және оны бітірген 1999 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 14.50.01 диссертациялық кеңесінде «Болашақ мұғалімдердің қазақ ауызша халық шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге дайындығын қалыптастыру» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады.

Болашақ педагогтарға білім беру

мен ғылыми ізденістерін жалғастыра отырып, 2010 жылы педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің диссертациялық кеңесінде «Оқушылардың этномәдени білімінің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Жоғары мектеп жүйесіндегі жемісті еңбегі мен ғылыми ізденістерін негізге алған Білім беру саласындағы бақылау комитетінің шешімімен С. Әбілдинаға 2017 жылдың 6 қаңтарындағы бұйрыққа сәйкес педагогика профессоры ғылыми атағы берілді.

Зерделі ғалым, тәжірибелі педагог педагогика және жеке-әдістемелік пәндер бойынша: педагогика, педагогикалық менеджмент, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі, тәрбие жұмысының әдістемесі, педагогикалық шеберлік, бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы мен технологиясы бойынша дәрістер және практикалық сабақтар жүргізеді. Ол 2001 жылдан кафедра бойынша педагогикалық практикаға, оқу-әдістемелік жұмысқа жауапты куратор сияқты қоғамдық жұмыстарды жүргізді. Салтанат Қуатқызы 2001-2022 жылдар аралығында жоғарыда аталған кафедраның меңгерушісі қызметін атқарды.



2004 жылдан бастап «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» (бакалавриат және магистратура) мамандығы бойынша МЖМБС әзірлеу бойынша конкурстарға белсене қатысты. Кафедраның авторлық ұжымы ұсынған МЖМБС жобасы 2005 жылы байқауда жеңіске жетті.

Магистрант, докторанттардың диссертациялық зерттеу еңбектеріне және студенттердің дипломдық жұмыстарына жетекшілік етеді.

С. Әбілдина философия докторы бағдарламасы (мамандығы 5B01.01 – Оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесі) бойынша Баку мемлекеттік университетінің докторанты Гюнель Шыңғысханқызы Мурадованың (тақырыбы:

«Бастауыш мектептегі әзірбайжан тілі сабақтарында оқушылардың танымдық қызметін арттыру жолдары мен мүмкіндіктері») шетелдік ғылыми жетекшісі.

Оның жетекшілігімен 2006 жылдың қазанында ізденуші Г.Қ. Белгібаева кандидаттық диссертациясын, 2017 жылы Қ.Б. Аданов, 2019 жылы Ж.Б. Әбішев, 2021 жылы Г.С. Аяпбергенова, 2024 жылы С.А. Кеңесбекова PhD докторлық диссертациясын қорғады.

Салтанат Куатқызы студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына кеңінен тартады, олардың нәтижелері әр түрлі дәрежелі ғылыми жинақтарда және халықаралық конференциялар материалдарында жарияға шығады. Оның жетекшілігі-



мен студенттер БОПМЭ мамандығы бойынша (2014-2019 жылдар) үздік ғылыми жұмыстарға арналған республикалық конкурстардың және республикалық пән олимпиадаларының жүлдегерлері атанды.

Бүгінгі таңда С.Қ.Әбілдина еліміздің педагогика ғылымы саласындағы жетекші маманның бірі. ҚР БҒМ бұйрығына сәйкес ол бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі бойынша тест тапсырмаларын әзірлеуші және сарапшы болып табылады.

Ұдайы ізденіс үстінде жүретін Салтанат Қуатқызы 2000-2024 жылдар аралығында Германия, Италия, Франция, Польша, Ресей, Жапония, Түркия елдерінде және республикамыздың жоғары оқу орындарында біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Оның ғылыми ізденістері ғылыми және ғылыми-әдістемелік сипаттағы еңбектерінде көрініс тапқан. Қазіргі таңға дейін 450 жұмысы жарық көрсе, оның ішінде 7 монография, 2 оқулық, 18 оқу құралы, 1 терминологиялық сөздік, 35-тен астам электронды оқулық. Импакт-факторы бар жоғары рейтингті журналдардағы жарияланымдар бір төбе. Сондай-ақ, Хирш – 5 (Scopus), 1 (Web of Science) индексі бар. Жалпы педагогика, бастауыш және этномәдени білім беру саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелері республиканың, жақын және алыс шетелдердің

(Англия, АҚШ, Болгария, Чехия, Польша, Франция, Қытай, Жапония, Ресей, Қырғызстан, Қазақстан) түрлі ғылыми журналдарында жарыққа шықты.

С.Қ. Әбілдина университеттегі және республикалық деңгейдегі түрлі комиссиялардың белсенді мүшелерінің бірі. Атап айтқанда, ол:

- «Бағдарлы мектеп және кәсіптік білім» республикалық журналы редакциялық алқасының мүшесі;

- «Кәсіптік мектеп» республикалық журналы редакциялық алқасының мүшесі;

- ҚР БҒМ (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті) оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру РОӘК сараптау және сынақтан өткізу нәтижелерін қарау жөніндегі республикалық комиссияның мүшесі), «Білім» тобының мамандықтары бойынша ОӘК;

- «ҚарМУ хабаршысы» журналдары редакциялық алқасының мүшесі, Педагогика сериясы, «ҚР ҰҒА хабаршысы»; «Алтынсарин академиясының хабаршысы», «Қарағанды облысының Өрлеу хабаршысы»;

- 6D010100, 6D010200, 6D010300 білім беру бағдарламалары бойынша Л. Гумилев атындағы ЕҰУ, (2015-2016), 6D010100, 6D010200, 6D010300 білім беру бағдарламалары бойынша Абай атын-



дағы ҚазҰПУ PhD диссертациялық кеңес мүшесі (2017 ж., 2018 ж.);

- 6D010200, 6D01300 білім беру бағдарламалары бойынша Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің диссертациялық кеңес төрағасы (2019 ж.);

- 6D010200, 6D010300 білім беру бағдарламалары бойынша Қорқыт ата атындағы Кызылорда университетінің PhD диссертациялық кеңес мүшесі (2019 ж.);

- «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағыты бойынша ұлттық ғылыми кеңесінің мүшесі;

- «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер» ғылыми бағыты бойынша «Елдің зияткерлік әлеуеті» ҰҒК мүшесі.

Ол Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің (қараша, 2014 ж.), ҚББСҚЕА және ХАЖ жұмысына (2017-2019 ж.ж.), оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау және сынақтан өткізу нәтижелерін қарау жөніндегі республикалық комиссиясына (2013 ж. 20 наурыздағы №104 бұйрық), Қазақстан-Америка еркін университетін мемлекеттік аттестаттау жұмысына (Өскемен, 2012 жылғы 17 мамырдағы №665 бұйрық), Абай атындағы ҚазҰПУ (2012 жылғы 6 желтоқсандағы №1590 бұйрық), ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру РОӘК «білім беру» тобының мамандықтары бойынша ОӘБ жұмысына (Абай

атындағы Қазақ ұлттық университеті) қатысты.

С.Қ. Әбілдина 2008 және 2014 жылдары ҚРБЖҒМ «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының, 2015 жылы ҚР ғылымы мен техникасына қосқан зор үлесі үшін мемлекеттік ғылыми стипендиясының иегері атанды.

2016 жылы тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі (АРТА) ҚР ЖОО ПОҚ бас рейтингінің үздік топ-50-і қатарына кірді.

ЖОО оқытушысы және кафедра меңгерушісі лауазымында қызмет атқарған уақытында С.Қ. Әбілдина белсенділігімен ерекшеленіп, өзін тек оң қырынан көрсетті. Сабақта ол оқытудың инновациялық әдістерін белсенді қолданады, кәсіби өсуге ұмтылады, үнемі біліктілігін арттыру үшін жұмыс істейді. Академиялық бағдарлама бойынша А.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ТИГУ-ға шақырылған дәріскер ретінде барды.

С.Қ. Әбілдина Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы Жоғары мектеп оқытушылары үшін қарқынды ағылшын тілі курсынан өтті. А1 деңгейін табысты бітіргені туралы сертификатын иеленген. Шет тілдер факультетін «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша бітірген ол History of pedagogics, Methodology and methods scientifically pedagogical research пәндерді ағылшын тілінде оқытады.

Ол TEMPUS – IV бағдарламасы бойынша «Педагогика және бі-



лім беру менеджменті (EDUCA) саласындағы реформаға әкелетін Болон процесінің қағидаттарына сәйкес Еуропалық білім беру» Халықаралық жобаларын іске асыру үшін жұмыс тобының құрамына, «TEMPUS-V» бағдарламасы бойынша «Орталық Азиядағы жоғары білім кеңістігіне қарай: құрылымдарды бейімдеу және сапа мәдениетін дамыту (TuСАНЕА) құрамына кірді.

С.Қ. Әбілдина «Инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметке педагог кадрларды даярлау» тақырыбы бойынша AP05134666 (2018-2022 жж.), «Инклюзивті білім беру жағдайында студенттерді волонтерлік қызметке ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу» AR08856309 (2020-2022 жж.), «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту» AP14870290 (2022-2024 жж.) бюджеттік бағдарлама бойынша: 217 «Ғылымды дамыту», 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» кіші бағдарламасы, басымдық бойынша: «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі

және қолданбалы зерттеулер, кіші басымдық бойынша: «Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық ғылымдар саласында») гранттық жобаның ғылыми жетекшісі болды. Салтанат Қуатқызы бойынша мол білім, іскерлік пен тәжірибе жинаған, сан-салалы қабілеті мен қасиеті бар осындай дара тұлға.

Қадірменді Салтанат Қуатқызы, педагогикалық және ғылыми жолыңызды сипаттай келіп, бүгінгі қос бестікті қолтықтаған күніңізде Сізді мақтамаймыз, Сіздің ғылыми мектебіңізден өткен, өсіп-жетілген шәкірт екенімізді мақтан етеміз. Сіз бізбен шексіз ақыл-кеңесіңізді, мол тәжірибеңізді жомарттықпен бөлістіңіз, қымбат уақытыңызды біздің жетілуімізге жұмсадыңыз. Сол үшін шын ықыласымызбен Сізге алғыс айтамыз.

Құрметті Салтанат Қуатқызы, деніңіз сау, еңбегіңіз жемісті, отбасыңыз берекелі болып, айналаңыз бақытқа бөленсін! Ғылыми мектебіңіз дамып, шарықтай берсін!

**Сізге деген зор ілтипатпен,
сіздің ғылыми мектептегі
шәкірттеріңіз.**





ШОҚТЫҒЫ БИІК ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ



**Жаннат
Ысмағұлқызы
САРДАРОВА,**
п.ғ.д., Абай
атындағы ҚазҰПУ
қауымдастырылған
профессоры.
Алматы қаласы.

Әрбір адам дүниеге келгенде түнгі аспандағы жұлдыздардың саны көбейеді екен. Шынында да түнгі аспанды бір сәт тамашалап көрсеңіз, адамдар да сол жұлдыздар тәрізді екенін байқайсыз. Біреулер жарыққа шыққаннан гөрі тасада жүргенді қалайды — оның жұлдызы әлсіз жалтырайды. Ал енді үнемі күн тәрізді жарқырап, түнгі аспанға ерекше шұғыла шашып тұратын ізгі жандар болады. Біздіңше, бүгінгі туған күн иесі осындай ерекше жұлдыздың иесі деп тұжырымды түрде нақты айта аламыз. Сондықтан да біз Сізді ең алдымен, жұлдызы әрқашанда жоғарыда жарқырап жүретін және халықаралық деңгейде еліміздің ғылым мен білімдегі жетістігін биікке асқақтата алатын қазақ зиялы қауымының бірегей ғалым-ұстазы ретінде танимыз.

Сіз өз мерейтойыңызға лайықты, ерекше қошеметтеуге тұрар жетістіктермен келіп отырсыз. Еңбек жолыңызда талай белесті бағындырып, ұжымның құрметіне бөленіп келесіз. Оның бір дәлелі — 21 жыл кафедра менгерушісі ретінде басқарудың біліктікті маманы болғаныңыз және 6D010200, 6D011900 білім

беру бағдарламалары бойынша Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің диссертациялық кеңес төрағасы (2017-2024 жылдары) қызметін абыройлы атқарған еңбегіңіз.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Бұндағы басты көрсеткіш — кісілік келбет, азаматтық тұлға десек, ол қасиеттер Салтанат Қуатқызының бойында ана сүтімен дарыған. Өйткені, күні бүгінге дейін «баласы атқа шапса, анасы тақымын қысады» дегендей, ғалым қызының әрбір жетістігіне бірге қуанып, әрдайым ақ батасымен рухани қолдап отыратын сүйікті анасының берген тәлім-тәрбиесі біздің көзімізге шоқтай басылып тұратыны анық. Сондықтан да анамызға мықты денсаулық, отбасы амандығын және немере-жиен, шөбере-шөпшек, ағайын-туыс ортасында ұл-қыздарының қуанышын бірге бөлісіп, Жамбыл атамыздың ғұмырындай ғұмыр кешуіңізге шын жүректен тілекшіміз.

Бойыңыздағы көркем мінез, биязылық — тектіліктің көрінісі ретінде мақтауларды, сізге деген ерекше қошеметті арттыра түсуде.

Қазақтың атақты биі Саққұлақ шешен «Адамның басшысы — ақыл, шолушысы — ой, жетекшісі — талап, қорғаушысы — сабыр, сынаушысы — халық, таусылмайтыны — арман, ең қымбаттысы — ар сақтау, бәрінен ардақтысы — адал өмір сүру, соның



ішінде ең тәттісі — сыйластық» деген екен. Осыған байланысты Салтанат Қуатқызының өзіндік ерекше қасиеті — шынайы сыйластық, адамгершілік қасиеті. Біздіңше, осы қасиеттердің қорытынды жемісі — қол жеткен орасан көп ғылыми жетістіктері, соның ішінде негізгілері:

- ҚРБЖҒМ «ЖОО-үздік оқытушысы — 2008» мемлекеттік грантының иегері;

- ҚРБЖҒМ «ЖОО-үздік оқытушысы — 2014» мемлекеттік грантының иегері;

- ҚР ғылымы мен техникасына қосқан зор үлесі үшін мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері (2015 ж.).

- 2016 жылы тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі (АРТА) ҚР ЖОО ПОҚ бас рейтингінің топ-50-іне енді.

- TEMPUS — IV бағдарламасы бойынша «Педагогика және білім беру менеджменті (EDUCA) саласындағы реформаға әкелетін Болон процесінің қағидаттарына сәйкес Еуропалық білім беру» Халықаралық жобаларын іске асыру үшін жұмыс тобының құрамына;

- «TEMPUS-V» бағдарламасы бойынша «Орталық Азиядағы жоғары білім кеңістігіне қарай: құрылымдарды бейімдеу және сапа мәдениетін дамыту (TuСАНЕА) құрамына кірді,

Бүгінде, ғылыми мақсат-мұратыңыз айқындалған, іс-тәжірибеңіз толысқан шағыңызда болашақ педагогтарды даярлаумен дербес мектебіңізді қалыптастырудасыз. Ғалым ұстаз үшін бұл — тендесі жоқ бақыт.

«Ұстазы жақсының — ұстанымы жақсы» дегендей, қазіргі таңда болмысы биік білім ордасы академик

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде бүгінгі жастарға сапалы білім беруде өзіндік үлесін қосып жүрген және кафедра меңгерушісі, декан, ректор лауазымына дейін көтерілген ғалым-шәкірттертеріңіз — бәрімізге мақтаныш. Сол себепті де елге етер еңбегіңіз, келер ұрпаққа берер тәліміңіз алдағы уақытта жалғасын табатындығы сөзсіз. Отанымыздың өркендеуі және халқымыздың игілігі жолында әліде талай тәнті етер істерді атқаратыныңызға кәміл сенемін.

Құрметті Салтанат Қуатқызы!!!

Бүгінгі қос бестікті біріктірген туған күні Сізге өміріңізге барша жарық дүние шапағатын, баянды бақыт, мейірім мен қуаныш, жайдары көңіл, мәнді де мағыналы өмір, жемісті еңбек пен сарқылмас күш-қуат, берекелік байлық — денсаулық, ғылыми кемелділік, шығармашылық шабыт, отбасыңызға амандық тілей отырып, төмендегі өлең шумақтарын өзіңізге жолдаймыз:

*Әбілдина Салтанат Қуатқызы —
Профессор, ғылымда тұрмақ ізі.*

*Монография, сөздік пен оқулықтар —
Білімдегі үлесі, бұлақ, көзі.*

*Таңдай білер тақырып өзектісін,
Шәкірттерге созатын көмек күшін.*

*Мемлекеттік гранттар иегері —
Ғылымдағы орны бөлек асыл кісі.*

Белесіне жетсең де 55-тің

Бойжеткендей баяғы көрінесің.

Әп-әдемі қалпыңмен ұзақ жасап,

Жүрген жерің құрметпен, төрін берсін!



Ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым, парасатты тұлға



Ұ.Қ. ҚЫЯҚБАЕВА,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметік педагогика кафедрасының меңгерушісі,

п.ғ.к., профессор.

Алматы қаласы.

Ұстаз ... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың еш нәрсесін ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі ..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек жан» деп шығыс ғұламасы әл-Фараби айтқан айтқан нақыл сөзі, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Бастауышта оқыту педагогикасы және әдістемесі кафедрасында 32 жыл ұстаздық қызметте, оның 19 жылын Бастауышта оқыту педагогикасы және әдістемесі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып, болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлап, білім мен ғылым жолында өзіндік ойып алар орны бар, ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым Салтанат Қуатқызына арналып айтылғандай.

Ұлы бабамыздың осы бір дана сөзін жадына сақтап, ұстаздық пен басшылықты қатар ұстап, жауапкершілікті абыроймен атқару кез келген адамның қолынан келе бермейтін ұлағатты іс. Алдымен ұстаздық қызметті атқара жүріп, онымен ғалымдықты қатар тізгіндеп, болашақ бастауыш сынып мамандарын даярлауда, шәкірттері мен әріптестеріне сыйлы, адалдық пен адамгершілікті биік тұғырға қоя білген, ұлағатты ұстаз, ардақты ана, рухани дос Салтанат Қуатқызы туралы мерейлі жасында ізгілік ниетпен тілек білдіруді мен өзімнің парызым деп есептеймін.

Адам баласының қоғамда бағалануы, дәріптелуі, ардақталуы оның адамгершілік қасиеттеріне тікелей байланысты. Егер ол айналасындағыларға қайырымды,



адал болып, бүкіл қарым-қатынастарын адамгершілік тұрғысынан қарайтын болса, өзінің өмір сүрген ортасында сыйлы бағасын да, орнын да иемденеді.

Жансарайы инабаттылық пен ізгілікке, білімділік, біліктілік, сенімділік, батылдық, қайсарлық, шыдамдылық сияқты асыл қасиеттерге толы, ғылымның биік шыңында кірпіш болып қаланған ғалым, ұлағатты ұстаз, шәкірттеріне қамқор тәлімгер, қадірлі әріптес, сыйлы замандас, адал дос Салтанат Қуатқызы қоғамда орны бар ерекше жан.

Білімді, алғыр ұрпақ тәрбиелеп, еліміздің әлемдік кеңістікке шығуына және танылуына қомақты үлес қосып келе жатқан, табиғатынан жаны жақсылыққа құмар, ізденуден жалықпайтын, ізгілік пен адамгершілікті өмірінің мәні деп санайтын Салтанат Қуатқызы — танымы мен талғамы жоғары білікті ұстаз.

«Ізденісін жоғалтқан ұстаз, ұстаздық қасиетін жоғалтады» деген қағиданы өмірінің ұстанымына айналдырған Салтанат Қуатқызы ұстаздық мамандыққа үлкен жүректерілікпен, жоғары интеллект, жалпыадамзаттық мәдениет, педагогикалық шеберлікпен білім алушылардың интеллектуалдық ой-өрісін дамытуда кәсіби тұрғыда келелі де ауқымды жұмыс атқаруда.

Қандай озық мәдениет болмасын, адамға оның төл мәдениеті

тін ешнәрсе алмастыра алмайды. Қазақ жастарының бойына қазақтың бірегей, қайталанбайтын ұлттық құндылықтарын сіңіріп өсіру — қазіргі қоғамның басты парызы. Олай болса, жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлықтарын қалыптастыру арқылы этномәдени білім беру Салтанат Қуатқызын тың ізденістерге жетеледі. Шынында да, ғылым жолында еңбектену, инемен құдық қазғандай. Салтанат Қуатқызы ілім мен білімнің тереңіне үңіле, оның қыры мен сырын, күрделігі мен талабын зерделей отырып, рухани азық алып, ғылым жолында шәкірттері мен әріптестерінің алдында құрметке бөленіп, ой-өрісі кемелденген, өз мамандығын жете меңгерген тұлға.

Тектілік, бекзат болмыс адамды тұлғаландырып, асқақ биікке көтереді емес пе! Пайым - парасаты мен тектілігі бір басынан табылатын Салтанат Қуатқызының өмір жолына көз салсақ, ол жастайынан ұстаздық мамандықты таңдап, кішілік пен кісіліктің парқын ажыра білген ұлағатты ұстаз, ғибратты жан.

Салтанат Қуатқызы ғылым мен білімді қатар ұстап, екеуіне бірдей ұштастырып келе жатқан ғалым. Шын мәнінде ғылым мен білім егіз, құстың қос қанаты секілді. Білімсіз ғылым жоқ, ғылымсыз білім дамымайды. Білім өркениеттің іргетасы болса, ғылым соның үстіне тұрғызылған сәулетті ғимараты.



Бастауышта оқыту педагогикасы және әдістемесі кафедрасындағы жас маман оқытушыларының кәсіби шеберліктерін шыңдауға, әдістемелік біліктерін арттыруда атқарып жатқан игі істері қаншама. Ғылыми ізденушілерге жетекші, басшы болып, оларға жол сілтеп, бағыт-бағдар беру ғалым ұстаз үшін ең жауапты іс. Ал ғылымға бет қойған шәкірттерді баулу — ең үлкен мәртебе. Оның нәтижесін Салтанат Қуатқызының алған марапаттарынан көруге болады: РЖА корреспондент — мүшесі академиялық атағы, РЖА білім мен ғылымның еңбегі сіңген қайраткері құрметті атағы, ҚРБЖҒМ «ЖОО-үздік оқытушысы - 2008» мемлекеттік грантының иегері, өнертапқыштықты дамыту ісіне қосқан үлесі үшін А. Нобель медалі, ҚРБЖҒМ «ЖОО-үздік оқытушысы - 20014» мемлекеттік грантының иегері, Т.К.Камзабаев атындағы Премия лауреаты, ҚР ғылым мен техниканың дамуына қосқан еңбегі үшін Мемлекеттік ғылыми стипендия иегері, Конкорд Академиясының (Франция) корреспондент-мүшесі академиялық атағы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің еңбек сіңірген қызметкері.

«Ағаш бір орында тұрып көктейді» деген ғибратты сөзді Салтанат Қуатқызы өзінің өмірлік қағидасына айналдырып, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде студент-шәкірттіктен бастау алған өмір жолының ғылым кандидаты, докторы, профессор, кафедра меңгерушілігіне дейін көтерілуі — мәуелі шынар ағашындай ғылым көкжиегіне қанат жайғанының айғағы.

Білікті маман, зерделі ғалым, ұлағатты ұстаз Салтанат Қуатқызы өзі қызмет атқарып отырған Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде ғана емес, республикамыздың барлық аймақтарындағы ЖОО білім мен ғылым жолында қадірменді, өзіндік орны бар әріптес, парасатты тұлға.

Салтанат Қуатқызы педагогика ғылымының саласындағы ұстанымдарының, қағидаларының, өзіндік ой-тұжырымдары мен ұлттық құндылықтарымызды дәріптеудегі идеяларымен шәкірт тәрбиелеуде әлі талай биік белестен көрініп, талай асуларды бағындыратыны сөзсіз.

Салтанат Қуатқызы мерейлі мерей тойың құтты болсын, деніңе саулық, отбасыңа, алтын асықтай қыздарыңа амандық, бастауыш білім беру саласында бәсекеге қабілетті маман даярлауда атқарып жатқан игі қызметтеріңе, адами қасиеттерің мен дүниетанымдық көзқарастарыңа, рухани күш-жігерің тоғысқан шығармашылық қадамдарыңа шабыт, сәттілік тілеймін!